

LESSON STUDY – БІЗДІҢ ТӘЖІРИБЕМІЗДЕ



Құрметті ұстаздар, форум қонақтары!
Біз өмір сүріп отырған ақпараттық қоғамда, көпмәдениетті ортадағы бәсекелестік заманда халқымыз үшін маңызы аса зор оқу-ағарту ісін халықаралық талапқа сәйкестендіріп, әлемдік сапа деңгейіндегі кәсіби білім мен білік дағдыларына негізделген білім беру жүйесін құру кезек күттірмейтін мәселе.



Мұғалімнің кәсіби білімін жетілдірудің ең бір тиімді әдісі - Lesson Study. Lesson Study - мұғалімдер тәжірибесі саласындағы білім жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсіл. Lesson Study-ге жоспарлау, оқыту, қадағалау, оқыту мен оқуды талдау, өз қорытындыларын тұжырымдап, құжаттарды бірлесіп жүзеге асыратын мұғалімдер тобы қатысады.

Осы орайда біз де өз мектебімізде Lesson Study циклін өткізу үшін зерттеу жұмыстарын жоспарлап, ұйымдастыратын тәжірибе алаңын құрып қалыптастырдық. Әлемдік білім беру кеңістігіне енген химия-биология бағытындағы Қызылорда Назарбаев Зияткерлік мектебінде қазіргі уақытта 11 топ жасақталып, 50-ден астам мұғалім сабақ үдерісін зерттеу мақсатында жұмыс жасайды, әрбір топтың тимлидері бар.

Бүгін «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ және Қызылорда облысының әкімімен 2015 жылдың 18 наурызында қол қойылған меморандумы аясында, Қызылорда облысының инновациялық мектептеріне тәжірибе тарату мақсатында «Жаңартылған Білім беру мазмұны тұрғысынан білім берудегі жаңа тәсілдерді тиімді жүзеге асыру жолдары: мектептегі Action Research және Lesson study ғылыми зерттеу жобалары» тақырыбында Аймақтық Форум өткізуді жоспарлап отырмыз. Аталмыш форумға инновациялық және пилотты мектеп мұғалімдері мен Байқоңыр қаласындағы №277 қазақ орта мектебінің ұстаздары, Педагогикалық шеберлік орталығының Қызылорда қаласындағы филиалының тренерлері, 24 инновациялық мектеп және Қызылорда облысының 2 пилотты мектебінің мұғалімдері, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік университетінің ғалымдары қатысқалы отыр.

ФОРУМҒА ҚОШ КЕЛДІҢІЗДЕР! ОҚУШЫҒА САНАЛЫ БІЛІМ БЕРУДІ КӨЗДЕУ ЖОЛЫНДА БІР МАҚСАТҚА ЖҰМЫЛҒАН ҰСТАЗДАРДЫҢ ЖҰМЫСЫНА СӘТТІЛІК ТІЛЕЙМІН!

Қызылорда қаласындағы химия-биологиялық бағыттағы
Назарбаев Зияткерлік мектебінің директоры
Жұматай Бақыт Әмірханұлы

Қазақстанды әлемдік деңгейде таныту үшін білім жүйесі бәсекеге қабілетті жоғары деңгейде болуы қажет. Оқу үрдісі уақыт талабымен қаншама өзгермесін, бәрібір тек ұстаз ғана оның мазмұнын оқушы санасына жеткізеді. Шәкіртті оқу үрдісінде мұғаліммен бірдей субъект ретінде танып, дара тұлға ретінде қабылдап, шығармашылық жұмысқа бағыттау, дарынды балалардың қабілеттерін дамытуға қолайлы жағдай туғызу - әр ұстаздың міндеті.

Қазіргі кезде балалар дарындылығын арттыру үшін көптеген жұмыстар істелініуде. Солардың ішінде дарынды оқушылар арасында ғылыми пәндер бойынша өткізілетін пәндік олимпиадалардың орны ерекше.

Пәндік олимпиадалар - оқушылардың білім деңгейін тексерудің бұқаралық сипаттағы жарыс түрінде өткізілетін бірден-бір формасы.

Мектебімізде олимпиадалық резервте 7-11 сыныптар арасында 111 оқушы бар. Оның ішінде 7 сыныптардан 21 оқушы, 8 сыныптардан 28 оқушы, 9-сыныптар арасында 19 оқушы, 10-сыныптардан 27 оқушы және 11-сыныптардан 16 оқушы олимпиадалық дайындық жұмыстарын жүргізуде. 2016 жылдың қараша айында барлық пәндерден мектепшілік олимпиада өткізілді. Олимпиадаға 452 оқушы қатысып, 82 оқушы жүлделі I, II, III орындарды жеңіп алды. Мектепшілік олимпиаданың қорытындысы бойынша I орын алған 27 оқушы 2017 жылдың 5-6 қаңтарында өткен Республикалық пәндік олимпиаданың III кезеңіне жол-

дама алып, 6 оқушымыз жүлделі орындар алды. Қазіргі уақытта дайындық жұмыстары жүргізіліп, оқушылар осы жылдың ақпан айында өтетін мектепшілік пәндік олимпиадаға дайындалуда.

Мектебіміздің 69 оқушысы ғылыми жобалармен айналысуда. Олардың ішінен 7-сыныптардан 4 оқушы, 8-сыныптан 12 оқушы, 9-сыныптардан 14 оқушы, 10-сыныптан 29 оқушы және 11-сыныптан 10 оқушы ғылыми зерттеу жұмысымен айналысуда. Оқушыларымыз мектебіміздің пән мұғалімдері және Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің оқытушы-профессорларымен жұмыс жасауда. Мектебімізде биология, химия, физика және математика пәндері бойынша ғылыми зерттеу жұмыстары алдыңғы қатарға қойылған. 2016 жылдың қыркүйек айында мектепшілік ғылыми жобалар сайысы өткізілді. Нәтижесінде 13 оқушы



I орын иеленіп, еліміздің барлық Назарбаев зияткерлік мектептері арасындағы өткізілген желілік ғылыми жобалар сайысына жолдама алды. Желілік сайыстың қорытындысы бойынша 2 оқушымыз Жаңабергенова Аружан және Мажит Мағауия жүлделі I және III орындарды иеленді.

Мектебіміздің ерекшелігінің бірі - оқушыларымыз Робототехника саласы бойынша элективті курстарға қатысып, көптеген сайыстарда топ жаруда. 2016 жылдың қазан айында өткізілген халықаралық WRO 2016 сайысының облыстық кезеңінде мектебіміздің 14 оқушысы жүлделі I-орын иеленіп, келесі кезеңге жолдама алған болатын. Осы сайыстың республикалық кезеңінде 2 оқушымыз II орын, 3 оқушымыз III орындарды иеленді. 2016 жылдың жел-



тоқсан айында өткен республикалық KazRobotics 2016 сайысына 4 оқушымыз қатысып, 2 оқушымыз, Садуақас Әділ және Балғабай Нұрасыл футбол категориясынан I орынды иеленді.

Пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобалар сайысына дайындық жұмыстарын ұйымдастыру төмендегідей жүргізіледі:

Қорыта келгенде, білімді ұрпақ - Қазақстанның ертеңі мен болашағы. Ал, жас ұрпақты жан-жақты терең білімді жеке тұлға етіп тәрбиелеу - біздің ұстаздар қауымының алдына қойылған ауыр жүк. Сондықтан, қиындығы мен қызығы мол осынау ұстаздық еңбек жолында мен барша ұстаздар қауымына тек қана шығармашылық табыстар тілеймін.

**Директордың бейінді-сынама жұмыстар жөніндегі орынбасары
Буксукбаев Қайырбек Сабитович**

- 7 сынып оқушыларына қыркүйек айында іріктеу жасап, қызығушылықтары бойынша пәндер бойынша дайындық топтарын құрау.
- Мұғалімдер дайындыққа қажет оқу және онлайн ресурстарды үйлестіріп, жоспар құру.
- Жоспар бойынша аптасына 2-3 рет мұғаліммен дайындық жұмыстарын жүргізу. Каникул уақытында олимпиадалық лагерьлер ұйымдастыру.
- ДБҰ «Назарбаев Зияткерлік мектептері» мақұлдаған барлық облыстық, республикалық және халықаралық сайыстарға қатысу.
- Жыл бойы үздіксіз дайындық жұмысын жүргізіп, өткізілген сайыстардың тапсырмаларына талдау жасап, оқушылардың дағдыларын дамыту.

«БОЛАШАҒЫМЫЗ-БІРЛІКТЕ» атты желілік спартакиада мәресіне жетті

«Ұлт денсаулығы-табысты болашақ кепілі» десек, атам қазақ бірінші байлық - денсаулық деген еді, ал сол денсаулықтың кепілі - спорт. Спорт сөзінің мағынасы кең, мемлекеттің мәртебесін, ұлттың намысын айқындайтын көрсеткіш. Спорт - денсаулық, спорт - сұлулық, спорт - жетістік, спорт - адам мүмкіндігінің қырлары. Осы орайда, үстіміздегі жылдың желтоқсан айының 26-27 жұлдызында Қызылорда қаласындағы химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына байланысты Назарбаев Зияткерлік мектептерінің мұғалімдері мен қызметкерлері арасында «БОЛАШАҒЫМЫЗ - БІРЛІКТЕ» атты Желілік Спартакиада ұйымдастырылды. Спартакиаданың мақсаты - Зияткерлік мектеп мұғалімдері мен қызметкерлері арасында оңтайлы әріптестік және достық байланыстарды қалыптастыру, салауатты өмір салтын насихаттау және Қысқы Универсиада ойындарына қатысушыларға спорттық жарыстар арқылы қолдау көрсету болып табылады. Спартакиадаға Республикамыздан жеті мектеп қатысты. Олар: Астана қаласындағы Халықаралық мектеп, Алматы аласындағы ХББ НЗМ, Тараз қаласындағы ФМБ НЗМ, Шымкент қаласындағы ХББ НЗМ, Шымкент қаласындағы ФМБ НЗМ, Атырау хқаласындағы ХББ НЗМ және Қызылорда қаласындағы ХББ НЗМ. Қатысушылар спорттың бес түрінен: волейбол, кіші-футбол, үстел теннисі, тоғызқұмалақ және кір тасын көтеру бойынша бақтарын сынады. Екі күнге созылған спартакиада өте тартысты, қызыты өткізілді.



Алғашқы күні Спартакиаданың ашылу салтанатында мектеп басшысы Жұматай Бахыт Әмірханұлы спартакиада қатысушыларына сәттілік тілеп, осындай жарыстар арқылы салауатты өмір салтын қалып-

тастыруды басты назарға алды.

Ашылу салтанатынан кейін, әр командалардың өкілдері арасында спорт түрлерінен төрешілер таныстырылып, жеребе тартылды. Жеребе бойынша командалар екі топқа бөлініп, барлық спорт түрлерінен ойын кестесі дайындалды.

I топ

Шымкент ХББ НЗМ
Шымкент ФМБ НЗМ
Тараз ФМБ НЗМ
Астана ХМ

II топ

Алматы ХББ НЗМ
Атырау ХББ НЗМ
Қызылорда ХББ НЗМ

Осылайша, екі топтар арасында ойындар айналмалы түрде, ақтық ойындар топтар ішінде I орын алғандар 1-2 орынға, 2 орын алғандар 3-4 орындар үшін тартысқа түсті.

Нәтижесінде, тоғызқұмалақ спорт түрі бойынша қыздар арасында «Шебер ойын» көрсеткені үшін Астана ХМ ойыншысы Мадхаликова Алия марапатталды.

Тоғызқұмалақтан қыздар арасында III орынды Алматы қаласындағы ХББ НЗМ ойыншысы Халитова Альфия, II орынды Қызылорда қаласындағы ХББ НЗМ ойыншысы Секина Қырмызы Курмановна, I орынды Тараз қаласындағы ФМБ НЗМ ойыншысы Керімби Сұлушаш иеленді.



Ерлер арасында «Шебер ойын» көрсеткені үшін Қызылорда қаласындағы ХББ НЗМ ойыншысы Сыздықбаев Марат, III орынды Астана ХМ ойыншысы Сатбаев Сындар, II орынды Шымкент ХББ НЗМ Сапарбек Ғани, I орынды Тараз қаласындағы ХББ НЗМ ойыншысы Мейрамқұлов Жандос иеленді. Жеңімпаздар мақтау қағазымен және естелік сыйлықтарымен марапатталды.

Волейбол спорт түрі бойынша «Үздік ойыншы» номинациясымен Шымкент қаласындағы ХББ НЗМ ойыншысы Савельев Сергей, «Үздік үйлестіруші» номинациясымен Шымкент қаласындағы ФМБ НЗМ ойыншысы Кияшов Максат, «Үздік шабуылшы» номинациясымен Алматы қаласындағы ХББ НЗМ ойыншысы Жакашев Ержан, «Үздік қорғаушы» номинациясымен Астана қаласындағы ХМ командасының ойыншысы Елеукеев Жастілек марапатталды. Волейболдан III орынды Қызылорда ХББ НЗМ командасы, II орынды Шымкент ХББ НЗМ командасы, I орынды Алматы ХББ НЗМ командасы иеленді. Барлық жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар мен дипломдар табысталды.



Үстел теннисі спорт түрі бойынша қыздар арасында «Шебер ойын» көрсеткені үшін Астана қаласындағы ХМ ойыншысы Жолдаякова Райгуль, III орынды иеленгені үшін Алматы қаласы ойыншысы Халитова Альфия, II орынды иеленгені үшін Шымкент ХББ НЗМ ойыншысы Ушурова Надира, I орынды иеленгені үшін Қызылорда қаласы ХББ НЗМ ойыншысы Омарова Жанна марапатталды.



Үстел теннисі спорт түрі бойынша ерлер арасында «Шебер ойын» көрсеткені үшін Тараз қаласының ойыншысы Ноғайбеков Нұркен, III орынды иеленгені үшін Атырау қаласының ойыншысы Шүйінішқалиев Құралбек, II орынды иеленгені үшін Қызылорда қаласының ойыншысы Абилов Бағдат, I орынды иеленгені үшін Астана қаласының ойыншысы Алишов Мырзағали марапатталды.

Батпан көтеру спорт түрі бойынша «Шымырлығымен» ерекшеленгені үшін Алматы ХББ ойыншысы Набиев Әділет, III орынды иеленгені үшін Атырау қаласының ойыншысы Моисеев Артем, II орынды иеленгені үшін

Шымкент ХББ НЗМ ойыншысы Байтуков Талгат, I орынды иеленгені үшін Қызылорда қаласының ойыншысы Бисембаев Нұржан марапатталды.

Кіші футбол спорт түрі бойынша «Үздік ойыншы» номинациясымен Қызылорда қаласы ХББ НЗМ Қыдырбаев Мұрат, «Үздік қақпашы» номинациясымен Шымкент қаласындағы ФМБ НЗМ Гасанов Нураддин, «Үздік шабуылшы» номинациясымен Шымкент қаласындағы ХББ НЗМ ойыншысы Есентаев Естай, «Үздік қорғаушы» номинациясымен Астана ХМ ойыншысы Идрисов Байқоңыр, «Жеңіске деген жігерлігі» номинациясымен Атырау қаласының ойыншысы Аманғалиева Аккенже марапатталды. Ойыншыларға естелікке сыйлықтар және Дипломдар табысталды.



Футбол спорт түрі бойынша III орынды иеленгені үшін Шымкент ХББ НЗМ командасы, II орынды иеленгені үшін Шымкент ФМБ НЗМ командасы, I орынды иеленгені үшін Қызылорда ХББ НЗМ командасы марапатталды.



Сондай-ақ мектеп басшысы Жұматай Бахыт Әмірханұлы барлық қатысушы командалардың басшыларына Алғыс хат, командалық естелік сурет және спорттық вымпелдерді сыйға тартты.

Жалпы командалық есепте III орын - Алматы қаласындағы ХББ НЗМ, II орын - Тараз қаласындағы ФМБ НЗМ, I орын - Қызылорда қаласындағы ХББ НЗМ қанжығаларына байлады.

Бұл командаларға кубоктар мен дипломдар табысталды. Спартакиаданың жеңімпазы Қызылорда қаласындағы ХББ НЗМ командасы ауыспалы кубокпен марапатталды. Командалар барлығы естелік суреттерге түсіп, тарасты. Жабылу салтанатында барлық қатысушыларға алғыстар айтылды және алдағы уақытта да осындай Спартакиадалар өткізілетіндігі хабарланды. Біз де өз кезегінде жарысқа қатысушыларға рахметімізді айтып, жеңімпаз командаларды құттықтаймыз.



**Дене тәрбиесі пәні әдістемелік бірлестігінің жетекшісі
Омарова Жанна Айдарбекқызы**

«Lesson Study» сабақты зерттеуді оқу үдерісіне енгізу- нәтижелі әрекет

Lesson Study - мұғалімдер тәжірибесі саласындағы білім жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсіл. Lesson Study - ге жоспарлау, оқыту, қадағалау, оқыту мен оқуды талдау, өз қорытындыларын тұжырымдап, құжаттарды бірлесіп жүзеге асыратын мұғалімдер тобы қатысады.

2015-2016 оқу жылында 8- сыныпта оқушылардың білім сапасын көтеру, пән мұғалімдерінің өзара тәжірибе алмасуын, кәсіби шеберлігін, бақылау дағдыларын дамыту мақсатында қазақ тілі мен әдебиеті және тарих пән мұғалімдерімен бірлесіп Lesson Study өткізілді. Топ құрамы қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері: Дөненқожаева М.Ө., Мананбай Г.А., Ниязбаева Г.К., Өксікбаева Г.Ж. және тарих пән мұғалімі Н.А. Кенбаева- бес мұғалімнен құрылды.

Оқушылардан алынған сауалнама қорытындысы бойынша 8 X сыныбындағы проблема маңыздырақ екені анықталды.

Проблема-өтпелі кезеңге байланысты сыныптың мінез-құлықтарындағы психологиялық әртүрлі ахуалдар әсерінен және әлеуметтік, эмоционалдық аспектілер әсерінен сыныптың топтық жұмыстан жаңа білімді қалыптастыра алмайтыны, осыған байланысты оқушылар арасында өзара келіспеушілік, бір-бірін тыңдамау, шу, бір-бірін мойындамау, көшбасшылыққа таласу сияқты ке-


леңсіздіктер орын алғаны анықталды. Сондықтан «Топтық жұмысты рөлдік тапсырмалар арқылы ұйымдастыру және көшбасшылық қабілетін реттей отырып сыныпта бірлескен оқу ортасын қалай құрамыз?» деген сұраққа мән берілді. Зерттеудің мақсаты: Сыныпта топтық жұмыстарды тиімді ұйымдастыру арқылы оқушылардың бір-бірінен және өз бетінше білім алу мүмкіндіктерін жақсарту. Сыныптың ынтымақтасқан оқу ортасын құру. Ал мұғалімдерді жеке-дара жұмыс істеуден гөрі ынтымақтастықтағы кәсіби даму тәсіліне тарту.

Зерттеу тобы мүшелеріне негізгі нысандарды анықтау міндеттелді. Айталық,

- 1.Сыныпты зерттеу, осы сыныптағы зерттелетін үш оқушыны анықтау;
2. А,В,С деңгейлі оқушыны бақылау;
3. Қосымша теориялық мәліметтер мен әдебиеттерді, ресурстарды іріктеу;
- 4.Талқылаудың «модераторы» (талқылауға позитивті бағыт беріп отыратын төраға) қызметін атқару;

5. Кеңесші. Талқылау барысында Lesson Study тобының білім алғандығын жазып алып отыру;

«Lesson Study» үш цикл бойынша өткізілді. Сабақ алдын ала жоспарланып, отырыста қаралды. Әр сабақ соңында фокустағы үш оқушыдан сұхбат түрінде кері байланыс алынып, келесі сабақты жоспарлау жүйелі жүзеге асып отырды.



Үш цикл аяқталған соң мұғалімдердің бірлесуімен Lesson Study қорытындыланды. Нәтижесінде жалпы сыныптағы әр түрлі деңгейдегі оқушылар бойынша өзгерістерді анықтап, төмендегідей қорытынды жасалды:

С деңгейіндегі оқушы. Зерттеуге дейін берілген мәтінмен жұмыс жасай алды, алайда сөздік қоры аз болғандықтан өз-өзіне тым сенімсіздігін байқатты, көп сөйлемейтін, сондықтан айтылым дағдысы төмен.

Зерттеу қорытындысы аяқталған соң, өзіне деген сенімсіздігі азайды, ойын еркін айта алатын болды.Зерттеу сабақтарында сұрақтарға жауап беріп, топта өзінің шығармашылық, көшбасшылық қабілетін көрсете алды.

В деңгейіндегі оқушы. Зерттеуге дейін сабырсыз, тиянақтылығы төмен, зейіні шоғырланбаған, бірақ креативті ой айта алатын. Оқылым дағдысына қарағанда, тыңдалым және айтылым дағдылары жақсы қалыптасқан. Өзімшілдігі басым болатын. Көшбасшылық жасауда топ мүшелерімен келіспей қалатын. Зерттеу сабақтары кезінде алған білімдерін қолданып, қосымша материалдармен жұмыс

жасай алды, көшбасшылық жасады, деңгейлік тапсырмалар орындады.Зерттеуден кейін түрлі керібайланыстардың әсерінен оқушыда өзіндік реттелу байқалды. Сыныптастар мен тіл табыса алды

А деңгейіндегі оқушы. Зерттеуге дейін белсенді, оптимист, ойы ұшқыр, креативті, алайда өзіне сенімі өте жоғары, жеке «мені» басым болатын. Топтық бағалау кезінде ешкімнің жауабын місе тұтпай, сын айтатын, алайда өзіне сын айтылса, ренжіп қалатын әдеті болды.

Зерттеу сабақтары кезінде: Проблемалық сұрақтарды анықтап, жауап табуда ізденді. Өз білімдерін шығармашылық тапсырмаларды орындау арқылы көрсете алды. Топта көшбасшылық жасады, креативті идеялар ұсынды.

Зерттеуден кейін: «Мен ғана білемін» деген көзқарасын өзгертті, (дәлелі- топ ережесі, керібайланыс, топтың көшбасшыға берген бағасы, сұхбат, бағалау), сынды қабылдауға, топта идеялармен бөлісуге үйренді.

«Lesson Study» жобасы сыныпта нені өзгертті?

Топта рөлдік тапсырмалар арқылы бөлінген көшбасшылық жұмыстарын жүргізу арқылы топтық жұмысқа көшбасшылық жасауға үйренді;

Көшбасшының топ мүшелерін керісінше, топ мүшелерінің көшбасшыны бағалауы немесе керібайланыс беру арқылы сыныптың көшбасшылықты сезіну қабілеті оң нәтиже берді;

Топтық өнім жасауда, оны бағалауда рөл бойынша әр оқушының қосқан үлесін өздеріне бағалату арқылы бір-біріне қолдау көрсетуге үйренді;

Өзіндік «мені» басым оқушылардан керібайланыс, сұхбат алу арқылы сынып мәдениетіне бейімдеп, өзіндік реттелуіне мүмкіндік жасалды.

Зерттеу нәтижесінде пән мұғалімдеріне де төмендегідей ұсыныстар жасалды: Оқушының өз бетімен жасайтын жұмысы белгілі бір мақсатқа бағытталғандықтан, оқушы орындай алатындай етіп таңдалуы тиіс; Тапсырмалар жеңілден күрделіге қарай бағытталуы керек; Әдіс-тәсілдерді оқушының топтық жұмысын тиімді ұйымдастыратындай етіп таңдау;

Оқушылардың берген жауабын мұқият тындап, қатесін түзетіп отыру;

Өткізілген зерттеу бойынша педгогикалық кеңесте мектеп ұжымымен бөлісу қажет.

Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі Дөненқожаева Мира Өтегенқызы

«Эксперименттерді тиімді қолдану арқылы 8-сынып оқушыларының сыни ойлаудағы талдау және интерпретациялау дағдыларының дамуына қалай ықпал етуге болады?»

Биология пәні мұғалімі Балабаева Салтанат Сұлтанғазықызы

Білім беру саласында алғашқы зерттеушілердің бірі болып табылатын Джон Дьюи білім бағдарламасы оқушылардың ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталатын болса, онда бұл оқушы үшін ғана емес қоғам үшін де тиімді болатындығын айтқан болатын. Осы пікірді негізге ала отырып, Екінші деңгей бағдарламасының Бірінші бетпе-бет кезеңінің соңына қарай, «Эксперименттерді тиімді қолдану арқылы 8 сынып оқушыларының сыни ойлаудағы талдау және интерпретациялау дағдыларының дамуына қалай ықпал етуге болады?» тақырыбы негізіндегі зерттеу жұмысымды жүргізе бастадым. Оқушылардағы сыни ойлау дағдыларының кейбір түрлерін қалай дамытуға болады? Ойлау деңгейінің жоғары сатыларын оқушы іске қосу үшін мұғалімдер не істеуі тиіс? Оқушыларға ойлануға мүмкіндік бере аламыз ба? Менің ойымша, егер оқушыларда зерттеу дағдылары пәнді оқытудың бастапқы жылдарында қалыптасатын болса, бұл олардың алдағы уақыттағы білім алу үдерісіне тиімді әсер ететіні сөзсіз. Осы пікірді негізге ала отырып іс-әрекеттегі зерттеу жұмысымды 8 сыныпқа жүргізуді жөн көрдім.

Неліктен оқушылар зертханалық жұмысты орындау барысында тәжірибелерді үлкен қызығушылықпен жасайды, алайда қорытындыға келгенде өз ойларын ашық жеткізе алмайды? Оқушылар тақырыпты жазады, мақсатпен танысады, құрал-жабдықтарды көшіреді, теориямен біліммен қаруланады, нұсқаулықта көрсетілген тапсырмалар бойынша тәжірибені жасайды. Қорытындыға келгенде берілген сұрақтарға жауап жазу арқылы ғана шектеледі. Бұл әдістің көмегімен оқушыларда ойлау

дағдыларының қалыптаспайтындығын байқадым. Егер оқушыға зертханалық жұмыстың орындалу барысы туралы нұсқаулықты бермесе, бұл оның шығармашылық ойлау дағдысының қалыптасуына қалай әсер етер еді? Алдағы уақытта олар өздерінің жасаған зертханалық жұмыстары туралы көзқарастарын білдіре алады ма? Міне, менің алдағы уақыттағы зерттеуіме түрткі болған мәселелер осы болатын. Бұл проблемадан шығудың негізгі жолы ретінде өзімнің жұмыс тәжірибем аздаған өзгерістер енгізу қажет екендігін түсіндім. Біріншіден, оқушыға жұмысты дайын күйінде беруді доғардым. Бұл жағдайда оқушылардың жұмысты өздігінен алып кетуі үшін қиындық туындағанын байқадым, алайда жетелеуші сұрақтар қоюды мақсат еттім.

Зерттеу барысында түсінгенім, оқыту үдерісінде эксперименттерді қолдану мына жағдайда ғана сын тұрғысынан ойлауды дамытудың ең қарапайым жолы болып табылады;

- Біріншіден оқушыларға пән бойынша негізгі теорияны үйрету.
- Содан кейін олардан жай ғана білдік деп алған теориялық білімдерін тексеру мақсатында эксперимент жобасын әзірлеуін сұрау.
- Сіз көмек ретінде оқушыларға тек құрылғыларды бере аласыз, олар эксперимент-



Зерттеу жүргізілген сыныптағы оқушылардан алынған сауалнамада «Зертханалық жұмысты жұмыс жоспарынсыз жасау қиындық тудырады ма?» деген сұрағы қойылған болатын. Сауалнамаға талдау жүргізгенімде оқушылардың 100 пайызы «жок» деген жауапты берді.

Оқушылардың сыни ойлау дағдыларын арттыру мақсатында қолданылып келген зертханалық жұмыстардың тиімділігі жөнінде ойларын білу үшін сауалнаманы тағы алдым. Сауалнамаға 8 «Д» сыныбында оқитын 10 оқушы қа-

ті мұғалімнің көмегінсіз өздері дамытып және аяқтауы тиіс.

Эксперимент барысында оқушылар теорияны зерттейді, гипотеза құрады, эксперимент арқылы болжамын тексереді, нәтижелерін талдайды, өзінің құрған гипотезасымен келісетіндігін не келіспейтіндігін жеткізеді, зерттеу нәтижелерін баяндайды. Оқушылар эксперимент жұмысын аяқтағаннан кейін алдымен өздері жеке тұлға ретінде жасаған жұмыстарының қаншалықты тиімді болғандығын анықтайды, сыни тұрғыдан бағалайды, сондай-ақ шағын топтарда экспериментті алдағы уақытта кез келген тәсіл арқылы қалай жақсартуға болатындығын талқылайды.

Оқушылар үшін енді жаңа кезең басталды. Осы кезең оқушылар үшін ең қызықты кезең болды. Олар өз идеяларын ортаға салғанды, қиялындағы ойларды жүзеге асырғанды жақсы көреді. Менің және ұжымдастарымның ойлары мен пікірлері бірдей болғандығы ескере отырып, сынып оқушыларында өз бетінше сыни тұрғыдан ойлана алу қабілеттері қалыптаса бастады деген ойға келе бастадым. Расында сабақ үдерісінде бұрынғыша дайын мәліметтердің берілмейтіндігін сезінген оқушылар кез келген жұмыстарға батыл шешімдер қабылдап жан-жақты көзқараспен қарай алу қасиеттерін игере бастады.



тысты. Оқушылардың 90 пайызы зертханалық жұмысты ұнататын тапсырма ретінде таңдаған. Олардың 70 пайызы нұсқаулықсыз жасалған жұмыстың қызығырақ өтетінін айтса, 30 пайызы зерттеу нәтижелерін қорытындылауда біршама кедергілерге тап болатынын білдірген.

Іс-әрекетті зерттеу барысында менде кездескен қиыншылықтардың бірі уақыттың жетіспеушілігі, себебі нұсқаулықсыз, яғни дайын зертханалық жұмыстың жоспарынсыз жұмыс жасауға дағдылану барысында оқушылар тарапынан көп

уақытты қажет етті. Зертханалық жұмыстарда өмірмен байланысты проблемалық ситуациялар қойылып, оқушылардың солардың шешімін табуға ұмтылуы оларға алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалануын қамтамасыз етеді. Зертханалық жұмысты тиімді қолданса ол сыни ойлау дағдысын жақсартады және өз кезегінде оқушылардың үлгерімін жақсартады. Біріншіден; сыни тұрғыда материалды талдай алса олар жұмыс туралы терең түсіне алады. Өткен сабақтардағы теорияларды және басқа да пәндерді байланыстыра алады. Екіншіден, оқушылар сыни тұрғыдан эксперименттік рәсімдерді талдай алса, емтихан сұрақтарын шешуге пайдасын тигізеді.

Сабақтарда эксперименттерді пайдалану қызықты да күрделі процесс. Бұл әдіс мұғалім мен оқушылар тарапынан дайындық пен белсенділікті талап етеді.

Encouraging Year 7 students to develop their speaking skills through communicative methods of teaching in English.

skills through communicative methods of teaching in English

“Lesson study is a way of being a highly professional teacher and a way of running an excellent school that understands its learners and what and how they are learning in great depth”. (Professor Pete Dudley)

Three teachers of the English department Bekeyeva Ainur, Turekhanova Zhanat and Zhylykybayeva Arailym are working together on the project “Lesson study”. Their main purpose is to help Year 7 students to gain confidence when they make attempts to speak. The research question that they work on is “How to encourage Year 7 students to speak English by using communicative methods of teaching?”

Once in a fortnight they gather to research, create, try, and evaluate lesson plans to determine if they are helping students learn. Up to the end of II term they conducted three joint planning lessons, where they observed the students in action. The problem with the learners who came from mainstream schools is that they are not trained to speak at all. Exceptions are the learners who are from lyciums and special schools, or those who attended the English courses.



As practice showed if teachers collaborate with one another, plan a lesson, observe how their ideas work with students, and then report on the results, it can be beneficial both for the teachers and the learners.

The English teachers have chosen this theme as a research question, because they admit that it is important to make students feel comfortable speaking. The learners feel embarrassed about their inability to speak English fluently and they are shy. To impact the learning environment the teachers first tried to find answers to these questions

- Are the students afraid to make mistakes?
- Is the teacher's instruction on their level?
- Do the lessons provide exciting material and ways to teach?
- Are students motivated and interested to learn?

After discussions and identification of the problems the English teachers planned their lessons according to the needs of the students, where they tried to provide a comfortable atmosphere for them to learn. By always presenting themselves as English speakers, they made the learners



understand the speech and start communicating in English. The communicative teaching strategies such as “Vocabulary Anchor”, “Memory Challenge”, “Word Wall”, “Budget” and “Inventing a festival” or etc. proved to be effective.

В первом полугодие 2016-2017 учебном году учителями географии - Арыстан Е.Ж., Кан И.С., были проведены три последовательных урока. Исследовательская цель: «Повышение мотивации учащихся к обучению через дифференцированный подход». Серию уроков провели в 9 F классе, наблюдателями были Ускенова А.К., Калиева Э.Ж., Кенесары А. 9 F класс с русским языком обучения, поэтому преподавание в этом классе раздельное, так как география преподается на казахском языке. При планировании уроков, мы постарались организовать активное обучение, моделируя способы работы в классе в виде индивидуальной и групповой работы, с применением ИКТ.

На первом заседании группы был рассмотрен первый план урока на тему: «Загрязнение воды. Правила водопользования». После обсуждения плана урока, мы учли все пожелания наших коллег, внесли кое какие исправления и поправки. И только потом провели первый урок из серии последовательных уроков.


После проведения первых уроков в двух группах, у нас учителей предметников возникла необходимость поработать с индивидуальностью каждого ученика в виде усложненных заданий, которая позволила бы нам раскрыть потенциал детей, с предоставлением индивидуальной работы на компьютерах. Об этом мы и поделились с коллегами при обсуждении второго поурочного плана. Тема второго урока: «Методы очистки воды и защиты от загрязнения».

Мы считаем, что психологические особенности характера, тип восприятия учеников чаще всего становится причиной их не успешности. Поэтому при организации урока с использованием ИКТ мы учитывали разный уровень мышления и способ восприятия, для каждой группы учащихся подготовили дифференцированные задания.



При наблюдении за учениками А, В, С после посещения двух уроков, наблюдатели поделились с нами своими впечатлениями. Ученик А на первом уроке работая в паре внес свой весомый вклад по выполнению задания, на втором уроке учащийся активно участвовал в обсуждении и подготовке сценки. Ученик В на первом уроке выполнил быстрее всех формативную работу, но на втором уроке был пассивным. Ученик С при работе в паре был пассивным, однако на втором уроке проявил большой интерес к заданию, которое надо было выполнить работая с ноутбуком. Все наблюдатели отметили, что при выполнении заданий у учащихся все же возникали языковые трудности.

Третий план урока составлен был уже по опыту двух предыдущих. Много, что мы не учитывали при составлении поурочных планов ранее, уже учитывалось сейчас. Тема последнего урока: «Особенности местоположения водных сооружений». Исследовательская группа помогла и проследила за тем, как будут раскрываться учащиеся в процессе обучения на уроке, какие качества характера будут проявляться, в учебном процессе с применением новых подходов, как оно повлияет на их обучение и на что обра-



тить внимание в дальнейшей работе с учениками. Элементы урока также были направлены на самообучение, развитие критического мышления у учащихся и реализацию трех язычной политики в образовании. Была создана возможность увидеть обучение учащихся и их самореализацию в различных видах разнообразной деятельности детально. По результатам уже проделанной работы можно сделать следующие выводы, что этот метод

помогает совершенствоваться как опытным, так и начинающим учителям. Поскольку, в результате совместного планирования, совместного наблюдения, совместного анализа учителя формируют и «совместное представление» об обучении.

Учитель географии
Кан Ирина Станиславовна

«ТАРМАҚТАЛУ АЛГОРИТМІНДЕ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАУ»

Заман талабына сай ұстаз алдына қойылатын талаптар да өзгеше. Сондықтан да мұғалім әр уақыт ізденіп, өзінің білімін жетілдіріп, жаңалыққа әуес болуы тиіс. Сабақтар топтамасын өткізуде топтық, жұптық және жұмыстар, сыни тұрғыдан ойлауға бағытталған тапсырмалар, ашық және жоғары деңгейдегі сұрақтар, формативті критериялды бағалау кеңінен қолданыс тапты. Зерттеу барысында 8 «В» сыныбын эксперимент ретінде алдым. Сыныпқа қандай жұмыстар өткізсең де, проблемаларды нақты және дұрыс шешуге ұмтылады, идеялар ұсынып, болжам жасайды, яғни логикалық және сараптама-лық ойлау жүйесі дамыған. Бірақ ІЖБ кезінде академиялық терминологияны пайдалануда төмендеу нәтиже көрсетеді. Сол мақсатта зерттеу жүргіздім. Сабақ тақырыбы: «Тармақталу алгоритмінде құрылымдық бағдарламалау». Оқу мақсаты: 8.4.4.2 құрама шарттарды пайдалана отырып, программа құру; 8.4.1.1 блок – схема түрінде программаның алгоритмін жаза білу; Оқытуда тиімді әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, сабақты қызықты, тартымды өткізу арине мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Өтілген материалдарға шолу жасалғаннан кейін, оқушылардың ойын одан әрі шоғырландырып, жадыларында сақталған ақпаратты өңдеп, толықтыруға икемдеу үшін көбіне сабақ барысында «Ойға шабуыл» стратегиясын қолдандым. Ойға шабуыл – белгілі бір мәселені қарқынды талқылау, шығармашылық белсенділікті ынталандыру жолы. Сол мақсатта 1 тапсырма бойынша «Алгоритм» сөзінің әрбір әрпіне термин жазу ұсынылды. Келесі тапсырмада, берілген өлең шумақтарынан оқушылар блок – схема құрды. Бірінші топ сызықтық алгоритм, екінші топ тармақталу алгоритміне блок – схема құрды. Қосымша программаларды қолданды.



Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер модулі бойынша «4 pictures 1 word» әдісі арқылы жаңа сабақ тақырыбы ашылды. Оқу мақсаттары мен жетістік критерийлері оқушы назарына ұсынылды. Оқушылардың тілдік мақсатын арттыру негізінде, «Домино» әдісімен үш тілде анықтама құрастыруға тапсырма берілді. Екі топ мүшелері берілген флипчарт такташаға өз жауаптарын ұсынды. Оқушылар бірлесіп үйренуде кішігірім топтармен, жұппен жұмыс жасауда, ортақ проблемаларды талқылағанда жаңа пікірлерге шығармашылықпен қарау тұрғысында жаңалықтар ашу барысында жұмыс жасады. Тармақталу алгоритмі түсінігі бойынша оқушылар өмірден мысалдар келтіріп, тың идеялармен бөлісті. Сабақтарымды өту кезінде АКТ-ны қолдану оқушылардың сыни

ойлауларына, өздерінің сабақта мәтін теру кезінде компьютерді жақсы пайдалана білулері менің сабағымның мақсатыма жетуіме үлесі зор болды. Білімдерін нақтылау мақсатында берілген <http://learningapps.org/606861> сілтеме арқылы онлайн интерактивті тапсырма орындалды. Сабақ барысында практикалық бөлім маңызды. Дифференциацияны арттыру мақсатында деңгейлік тапсырмаларға жеке есептер шығару тапсырылды. Есептерді шығарып қана қоймай, блок – схемасын арнайы симмуляторда салып көрсеткен оқушылар болды. Мен ойлаймын, оқушы оқу үдерісіне белсенді қатысқанда ғана материалды терең меңгереді. Тапсырма формативті бағалау негізінде жетістік критерийлері бойынша бағаланды. Программаны тестілеуден өткізіп, өзара бағалап жатқандарда болды. Мақсат, өзара бағалау арқылы бірге оқитын оқушылармен бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.

Сабақ соңында оқу мақсаттарына қайта тоқталып, оқу мақсатына жете алдыкпа? деген сұрақтар бойынша жұмыс жасадық. Оқушылар сабақтан алған әсерлерін ауызша кері байланыс түрінде бере білді. Бағалау, кері байланыс – одан арғы оқу туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін, келесі сабағымды жоспарлауға септігі мол.


Жүргізілген зерттеудің нәтижесі бойынша

информатика пәнінен 8 «В» сынып оқушыларының II тоқсандық көрсеткіші мынадай:

Екінші тоқсанда ІЖБ орындауда оқушылардың академиялық терминологияны пайдалану сапасының деңгейі артқандығы байқалды.

ФИО ученика	Форматив	Внутр.су...	Всего	Буква	Оценка	Выставл...
1. Ақылбек Сержан	16	31.6	46.5	B	4	4
2. Аппамыс Елнұр	18	18.9	36.9	C	4	4
3. Асылбек Диас	13.5	29.4	42.9	B	4	4
4. Бермиштай Жұлдызай	16.5	37.8	54.3	A+	5	5
5. Ералиев Рахат	13.5	35.7	49.2	A	5	5
6. Жәнісбекұлы Дәулеткерей	18	30.45	48.45	A	5	5
7. Күзенбаева Аружан	18	36.75	54.75	A+	5	5
8. Мұхамеджан Гауһар	12	34.65	46.65	B	4	4
9. Садырбек Жұлдыз	10.5	35.7	46.2	B	4	4
10. Ысқақ Құралпай	18	26.25	44.25	B	4	4

Салыстырмалы көрсеткіш



Ижанова Жанат Ошаповна – Lesson study координаторы

Мектепте жүргізілген сабақты зерттеу бізге не берді?

Біріншіден, мектепшілік Lesson study тобы деп аталатын мұғалімдер қауымдастығы құрылды. Оның ішінен 5-7 мұғалімнен тұратын шағын белсенді топтарда ішкі механизм жұмыс істей бастады. Олардың бірі сабақ бере отырып, қалған мұғалімдер бақылаушы болып, Lesson study циклын толық аяқтады. Осы топтағы келесі мұғалім сабақ бере отырып, сабақ берген мұғалім бақылаушы болып жұмысты жүргізу, осы топ мүшелерінің барлығы сабақ беруші және бақылаушы болғанда үрдістің жүзеге асуы, бірлескен жұмыс, бұл әдіске деген қызығушылық, «бұл бізге не береді?» деген күмәнді сейілтеді.

Екіншіден, бір сыныпқа сабақ беретін әр пән мұғалімдерінің сабақтарды бірлесіп жоспарлауы жүзеге асады! Мектеп мұғалімдері арасындағы іскерлік ынтымақтастық ортасы пайда болады. Жас буын, орта және жоғары буын арасындағы тамаша әріптестік қарым-қатынас, сенім, қамқорлық орнайды. Зерттеушілер арасында әкімшілік мүшелері болса, мұғалімдер арасы онан сайын бір-біріне жақындай түседі.

Үшіншіден, «оқушы үні» тыңдау арқылы оқушы қажеттіліктеріне сай жұмыс істеуді үйрендік.

Фокустағы оқушылар сабақтан соң өзіне бағытталған сұхбат түрінде алынған жеке сұрақтың маңызын жақсы түсінді. Олар өз ойларын сеніммен айта алады, мұғалімнің шын дос екендігіне сенім-

мен қарап, қажет кезінде көмек сұрап отырды.

Төртіншіден, мұғалімдерде бақылаушылық және зерттеушілік дағдылары қалыптаса бастады. Зерттелген сабақтың рефлексиясын жазу арқылы оқытуда нені жақсарту керек, оны қалай жақсартуға болады деген сұрақтарға жауап іздеп, оны табады. Мұғалім кәсіби тұрғыдан шыңдалады. Оқыту стратегияларын сабақ процесіне енгізу шеберлігі, қажет болса ойдан ұтым-

ды әдіс-тәсілдер қолдану арқылы сабақты қызықты етіп өткізу, мұғалімнің шығармашылықпен жұмыс жасауына бастайды.

Бесіншіден, фокустағы оқушыларға оқу мақсатын қоя отырып, оқытуда дифференциациялау жүреді.

Алтыншыдан, оқытудың әр сатысында оқушы білімін бағалау жан-жақты жүргізіледі.

ФОРМИРОВАНИЕ КЛЮЧЕВЫХ КОМПЕТЕНТНОСТЕЙ ОДАРЕННЫХ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ЛИТЕРАТУРЫ

Омарова Жанар Булатбековна,
учитель русского языка и литературы
НИИШ ХБН г.Кызылорды

Компетентностный подход в образовании – это личностно-ориентированный подход к образованию, так как касается личности ученика и может быть реализованным и проверенным только в процессе выполнения конкретным учеником определенного комплекса действий. И основным результатом педагогической деятельности является формирование в учащемся ключевых компетентностей: научить учиться, научить ориентироваться в сфере школьной деятельности и в мире духовных ценностей; научить понимать явления реальности (причины, сущность, взаимосвязь); научить решать познавательные и аналитические проблемы; научить ориентироваться в ключевых проблемах современной жизни (культурной, политической, экологической и т.п.); научить решать проблемы профессионального выбора и т.д.

Все мои учащиеся в большинстве являются талантливыми и одаренными: у них прекрасная память и высокая саморегуляция; умение работать с информацией на порядок выше, чем у других; часто мыслят быстро и принимают нестандартные решения; стремятся к более сложным заданиям, приходя к результату альтернативными способами решения. И понятно, что формы работы, формы обучения таких детей должны быть другие. Но должны ли они быть просто «сложные»? Думаю, нет.

Цель исследования (Action research) - применение «принципов дифференциации учебного плана» (ускоренного обучения; усложнения; углу-

бленного содержания; проблемного обучения; креативности; абстрактности) для формирования ключевых компетентностей учащихся. Выявить способы, методы и приемы работы с одаренными детьми, которые помогут повысить качество обучения, помогут в развитии индивидуальной образовательной траектории – задачи research in action - исследования в действии. Характеристикой этапа моей исследовательской работы с одаренными учащимися с целью развития их «компетентностного» потенциала может служить фраза: «Только через провоцирующие практические задания одаренные учащиеся имеют возможность показать свои интеллектуальные способности, энергию и усилия и их настоящий уровень обучения».

При выполнении заданий, которые я предложила учащимся на уроке литературы при изучении отрывка «Хоббит или Туда и обратно», было основано на принципах дифференциации. Моим учащимся было очень интересно выполнять эти задания. А результат исследования был для меня поучительным.

Ученица А. В результате выполнения задания 1 ею было разработано 5 дополнительных зашифрованных сообщений о местонахождении сокровищ. Более того, на основе рун, данных в книге, ученица А. придумала еще 4 дополнительных руна. В дальнейшем думаю привлечь к разработке заданий занимательного характера по изученным произведениям.

Ученик Б. прекрасно выполнил задания 2 -

«создать карту», что побудило меня внимательно перечитать теорию множественных интеллектов Гарднера, в частности о пространственном типе интеллекта. Я знала, что ученик Б. хорошо рисует, в кабинете ИЗО я не раз видела его картины, выполненные им из подручных материалов: камешков, войлока, стекла и т.п. Но до прохождения курсов по одаренности, я не обращала должного внимания на эту сторону мышления. Теперь же на уроках стараюсь готовить задания и на развитие пространственного мышления. А ученику Б. планирую поручить задание оформить мини-выставку в кабинете литературы.

Ученик С. Задание 3 – сочинить песню - послужило прекрасным и ненавязчивым поводом озвучить музыкальные таланты моего ученика, о которых он предпочитал вообще не говорить. А грамотное и точное в музыкальном отношении исполнение сочиненного произведения вызвало

бурю восторга и аплодисментов. Думаю, теперь ему не надо будет скрывать или стесняться своего музыкального образования. В дальнейшем планирую разрабатывать задания, направленные на преодоление слабых сторон личности, на проявление сильных, но скрытых сторон личности одаренного ребенка.

В итоге данного исследования важным стало понимание того, что «выбор учителя», «проект для себя», «задания для учащихся, которые плохо продуманы» - не являются дифференциацией обучения. Важным стало знание о потребностях одаренных учащихся, об организации группового взаимодействия с целью исследовательского подхода, об использовании исследовательских материалов. При дальнейшем планировании и проведении занятий данный опыт был удачно использован в достижении целей обучения и в интересах учащихся.



Кенбаева Надежда Амангелдіқызы «Action research» координаторы

10 сынып оқушыларының өздігімен жаңа тақырыпты тарихи деректермен жұмыс жасау арқылы қалай меңгертуге болады?

Қазіргі таңда заман талабына сай әрбір мұғалім зерттеуші-педагог болу қажет. Ис-әрекетті зерттеу арқылы мұғалім оқушының және бүкіл сыныптың оқу үдерісінің барысын және даму бағытын анықтай алады. Сонымен бірге сабақ барысында оқушының ис-әрекетін бақылау, шығармашылық дамуын қадағалау арқылы сабақты жетілдіру жолдарын қарастырып кәсіби шеберлігін шыңдайды. Әрбір ис-әрекетті зерттеу оқу үдерісін арттыруға негізделген және мұғалім мен оқушы қатысуымен жүргізіледі. Мектептегі Қазақстан тарих пәні мұғалімдері бірлескен кеңесте сабақ үдерісіндегі негізгі ортақ бірнеше проблемаларды анықтай отырып, әріптесім Бихаликов Ерболмен «10 сынып оқушыларының өздігімен жаңа тақырыпты тарихи деректермен жұмыс жасау арқылы қалай меңгертуге болады?» деген тақырыпта зерттеу жұмысы жүргізілді.

Негізгі зерттеу сұрақтары:

- Деректегі мағлұматтың ғылыми танымдық маңызын анықтау мақсатында жүргізілген өзара байланысты жұмыстарды қалай жүргізуге болады?
- Деректегі мағлұматтың шынайылық деңгейін анықтау мақсатында қандай зерттеу әдістері мен тәсілдерін таңдауға болады?

Қазіргі білім беру жүйесіндегі өзгерістер оқушының функционалдық білім сапасының артуына ықпал етеді. Қандай да жаңа әдістер оқушының өзіне қажетті білімін өздігінен түсініп игеруіне, шығармашылығын арттыруға, білімін жетілдіруге ықпал етеді. Ис-әрекеттегі тәжірибені зерттеу тақырыбы бойынша бірінші сабақта деректегі мағлұматтың ғылыми танымдық маңызын анықтау мақсатында жүргізілген өзара байланысты тапсырмаларды пайдалана отырып оқушының әртүрлі деректерді түсініп жаңа тақырыпты өздігінен игеруіне жағдай жасалды. Оқушылардан интервью алу барысын оқушылардың 60 пайызы дерекпен жұмыс жасау барысында мұғалімнің көмегіне жүгінетінін білдір-

ген.

Сабақ соңында сыни дос ретінде мұғалімдермен ақылдаса отырып, оқушылардың әрекетіне бақылау жасау барысында оқушының шынайы деректермен жұмыс жасау арқылы деректің тарихи маңыздылығын аша білуі жеңіл болғандығын байқауға болады. Тақырыпқа сай әдіс-тәсілдерді өзгерту мұғалім мен оқушы арасындағы байланыстылықты арттырады.

Сондықтан деректерді түрлендіріп беру арқылы тапсырманы күрделендіру керек екендігі түсінікті болды.

Сабақтарда әртүрлі деректер: фото, видео, тарихи құжаттар, газет мақалаларынан үзінділер пайдаланылды. Тақырыпты ашу мақсатында интербелсенді такта бетіне әр түрлі халықаралық ұйымдардың символдары қойылды және қажетті ресурстар таратылды. Тапсырма деңгейленіп жеңілден қиынға қарай топтастырылып берілді. Тапсырманы орындау барысында Б деңгейінің оқушылары белсенділік танытып өздерінің жан-жақты екенін көрсетті. Олар халықаралық ұйымдардың штаб пәтерлері қай қалада орналасқандығын картада көрсетіп, сипаттау бағалау үшін

SWOT талдау жасады.

Дарынды оқушының еңбегін орта деңгейдегі балалардың тақырып туралы жазған қорытынды парағынан көруге болады. Сабақта мұғалім тек бақылаушы ролін атқарды, оқушылар бір-бірінің көмегімен тақырыпты жақсы түсініп, оқиға туралы деректерден түсінгенін баяндап жазғаны көңілге қуаныш ұялатады.

Сабақтың тиімді тұстары:

1. Оқушының топтағы ынтымақтастық атмосферасын орнатуы;
 2. Тарихи деректердің мағынасын ашуда бір-біріне қолдау көрсетуі мен өз жұмыстарының деңгейін көре алуы;
 3. Дарынды оқушылардың жоғары деңгейдегі тапсырманы сенімділікпен орындауы;
 4. Өз жұмысының бағалануы деңгейін анықтай алуы мен өзінің білгенін тұжырымдап, қорытындылап жазу дағдысының қалыптасқандығы;
- Қорыта айтқанда, деректермен жұмыс жасау арқылы оқушылар тарихи оқиғаны сипаттауда және ой толғау жазу барысында жақсы нәтижеге жеткендігінен көруге болады.

Lesson Study жобасын химия сабақтарына енгізу арқылы оқытудың тиімді жолдарын қарастыру

Сыздықбаев Марат
химия пәні мұғалімі

Оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнен өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыру талап етеді. Ол мұғалімнің кәсіптік құзыреттілігімен тікелей байланысты. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі — оның жан-жақты білімінен, ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгеруімен және сол әдістерді тиімде пайдалануымен өлшенеді. Әрбір оқу пәні бойынша білім, білік, дағдыны ғана игеру оқушы құзыреттілігі үшін жеткіліксіз болып отыр.

Мұғалімнің кәсіби білімін жетілдірудің ең бір тиімді әдісі бұл Lesson Study. Lesson Study - мұғалімдер тәжірибесі саласындағы білім жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсіл. Lesson Study – ге жоспарлау, оқыту, қадағалау, оқыту мен оқуды талдау, өз қорытындыларын тұжырымдап, құжаттарды бірлесіп жүзеге асыратын мұғалімдер тобы қатысады. Lesson Study -дің циклін өткізген соң мұғалімдер педагогикалық тәсілдерді түрлендіріп немесе жетілдіріп, кейіннен ашық Lesson study, таныстырылым өткізу, баспада жариялау арқылы әріптестеріне таратады.

Біз өз мектебімізде Lesson study циклін жоспарлап өткізу үшін химия және де басқа да пән өкілдерінен тұратын арнайы топ құрдық. Олар:

- 1 Мендыбаева Н.Т. (химия пәні мұғалімі)
- 2 Доскеев Ж.М. (химия пәні мұғалімі)
- 3 Сыздықбаев М.І. (химия пәні мұғалімі)
- 4 Әбдіжалиев Н.А. (тарих пәні мұғалімі)

5 Қаражанова Ж.Б. (психолог-педагог)

6 Жалмурзаев Ж.А. (физика пәні мұғалімі)

Топ мүшелерімен ақылдаса келе «Проблема-лық оқытуды жүзеге асыру арқылы оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту» тақырыбындағы зерттеуімізді 10 С сыныбына өткізуді ұйғардық. Себебі сынып оқушыларына жүргізілген психологиялық-педагогикалық зерттеу олардың оқу деңгейлерінің жоғары екенін көрсетті. Осы ерекшеліктер сыныпта әр түрлі стратегияларды жүргізуге болатынын айғақтайды.

Алғашқы отырысымыз сыныптағы А,В,С деңгейіндегі оқушыларды анықтаумен және мұғалімдердің міндеттемесінің бөлінуімен басталды. Сабақты өткізуші химия пәні мұғалімі Доскеев Жаңабайдың сабақ жоспарын талқылай отырып, оқушының қабілеттеріне сай тапсырма түрлерін тандап алдық. Яғни проблемалық жағдаятты топтық жұмыс негізінде талқылап, ортақ қорытынды шығару. Сабақты бақылау барысында жалпы оқушылардың белсенділігі жоғарғы деңгейде болды. Дегенмен, А деңгейлі оқушы топтағы оқушы-

ларды біріктіріп, өз идеясын ортаға сала отырып өзінің лидерлік қабілетін көрсете алды. Ал В деңгейлі оқушы топ ішінде белсенді болғанымен сұрақтарға жауап беруде, өзіне тапсырылған жұмысты орындауда кідіріс танытып отырды. С деңгейіндегі оқушы өз ұсынысын, ойын ортаға тастағанымен топ ішіндегі қатарластары оның пікірімен санаса қоймады, дегенмен бұл оқушы өзіне сеніп тапсырылған жұмысты тиянақты орындап шықты.

Осы бақылау нәтижелерін ескере отырып, келесі сабақты жоспарлауда төмендегідей қорытындыға келдік:

1. Оқушының қажеттілігін ескере отырып, сабақ үрдісінде топтық, жұптық жұмыстармен қатар жеке жұмыс түрлерін де ұйымдастыру;
2. Баланың аудиалды, визуалды қабілеттеріне сай топ ішіндегі ролін нақты бөліп беру;
3. Тиімді таңдалған оқыту стратегияларын қолдана отырып, оқушының дамуына мүмкіндік тудырту.

Реализация исследовательского подхода Lesson Study в школьной практике преподавания

Учитель самопознания
Ускенова Азиза Какимтаевна

В нашей школе ведется работа исследовательских групп по методу «Lesson study», которая помогает совершенствовать практику группы учителей, совместно планирующих, преподающих, наблюдающих и анализирующих обучение на уроках и одной из этих групп является наша группа, состоящая из учителей школы по следующим предметам: география, самопознание, информатика, история, русский язык.

Lesson study это один из педагогических подходов, характеризующий форму исследования в действии на уроках и направлен на совершенствование знаний в области учительской практики. Lesson study помогает совершенствоваться как опытным, так и начинающим учителям. Центральное место в Lesson Study имеет процесс «исследование урока», где команда учителей изучает процесс обучения учеников для решения вопроса: Как необходимо развивать определенный педагогический подход, чтобы повысить качество обучения? Как этот процесс работы повлияет на качество знаний учеников?

Свою работу мы начали с изучения этого подхода и подробнее познакомились с результатами работ уже практикующих коллег, имеющие опыт работы по использованию данного подхода и аспекта учебной программы, и прошедшие соответствующую подготовку.

Для реализации подхода Lesson Study в своей работе, мы решили начать с совместного детального планирования, где один из членов группы проводит исследовательский урок, а остальные члены группы - наблюдают. Все результаты, касающиеся процесса обучения учеников, систематизировались и анализировались всеми членами группы после завершения исследовательского урока, а затем, со-



вместная работа показала, что нужно перепланировать урок, с учетом результатов, полученных в процессе обучения, чтобы обеспечить использование Lesson Study большую эффективность.

В процессе работы и наблюдения за учащимися мы пришли к следующему выводу, что нужна сильная мотивация для вовлечения учащихся и учителей в исследование, использование каких форм и методов подходят для решения трудностей

в обучении исследуемого класса, какие изменения произошли в обучении учащихся в ходе работы, наблюдаются ли в действительности улучшения, и подтверждают ли этот факт полученные данные. Этот вопрос требует продолжительной и непрерывной работы, поэтому мы решили не останавливаться на этом и продолжить нашу работу в дальнейшем.

«Развитие критического мышления через диалог на уроках Всемирной истории»

Асанұлы Ерсайын
Учитель истории

Обоснование выбора темы для исследования в действии.

В ходе моих наблюдений и наблюдений моих коллег (критический друг) было выявлено, что наши ученики, как правило, имеют склонность к изучению исторического события в одном ракурсе и привыкли иметь общее мнение по любой проблеме. Мы хотели, чтобы они поняли, что существует несколько точек зрения по одному и тому же историческому событию, и что некоторые из них - более объективны, чем другие.


О важности диалогического обучения говорил еще в 1934 году Л.С.Выготский в работе «Мышление и речь», отмечая речь главным инструментом обучения (Руководство для учителя, с.249). Барнс считал, что успешным обучение детей становится при условии, когда ребенок является не просто пассивным слушателем учителя, но и сам принимает активное участие в процессе говорения, обсуждения и аргументации (Руководство для учителя, с. 249).

Нами используются на уроках различные методы обучения: индивидуальная, парная, и групповая формы работы.

Вовлеченность в индивидуальную работу

Как видно из этой таблицы и диаграммы только 45% учащихся достаточно активны. Остальные либо вообще не активны, либо проявляют слабую активность на уроке. Некоторые мои ученики ждут все время поддержки от меня или от других учащихся, и оставшись один на один с заданием не смогли принять решения с чего все-таки начать. Одна ученица так и не смогла выполнить ни одно задание.


Активные	4
менее активные	4
пассивные	1



Вовлеченность в групповую работу

Ниже из диаграммы видно, что все девять учеников вовлечены в урок, и более или менее проявляют активность. Это связано с тем, что в группе происходит диалог, благодаря которому менее сильные ученики получили поддержку со стороны более сильных учеников.


Активные	6
менее активные	3
пассивные	0



Достигли целей при индивидуальной работе:

При индивидуальной работе всех целей достигли только пятеро, трое достигли некоторых целей и одна ученица не достигла целей. Моим ученикам свойственно ждать поддержки, и как результат, при индивидуальной работе целей достигли далеко не все.

Достигли всех целей	5
Достигли некоторых целей	3
Недостигли целей	1



Достижение целей при групповой работе:

В групповой работе восемь учеников достигли всех целей, и одна ученица достигла некоторых целей. Это связано с тем, что в группе произошел диалог. Результаты научных исследований показывают, что диалог занимает центральное место на уроке. Мерсер и Литлтон (2007) в своей работе показали, что диалог в классе может способствовать интеллектуальному развитию учеников и их результативности в обучении.

Достигли всех целей	8
Достигли некоторых целей	1
Недостигли целей	0



Благодаря наблюдению мы смогли увидеть насколько важно диалоговое обучения для развития критического мышления. В группах учащиеся почувствовали себя более комфортно, и в процесс обучения подключились абсолютно все.

Ни один урок не должен проходить без диалога, ведь в диалоге идет обмен информацией. Особенно является продуктивной исследовательская беседа. Ведь навыки критического мышления через анализ, синтез, моделирования происходит именно при исследовательской беседе.

Сабақта оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыстарын ұйымдастыру

Математика пәнінің мұғалімі
Сүлейменова Сәндігүл Әшірбекқызы.

Оқушылардың өздігінен орындайтын жұмысын ұйымдастыру барысында бір-бірімен тығыз байланысты екі міндетті ескеру керек.

Бірінші міндет-оқушылардың білімін дамыту және білімді өздігінен игеруін қалыптастыру.

Екінші міндет-осы алған білімін іс жүзіне қолдана білуге баулу. Математика сабағында оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыстары ауызша және жазбаша түрде, сыныпта немесе үйде орындалатын тапсырмалар, жаппай, топтық, жеке тапсырмалар түрінде даярланады.

«10 сынып оқушыларының өздігінен орындайтын жұмыстарын қалай ұйымдастыруға болады?» деген тақырыпта зерттеу жұмысы жүргізілді.

Оқушылардың өздігінен орындауына берілетін тапсырмалар сабақ мақсатына сай келуі және оқушының ынтасын арттыруға бағытталған болуы керек. Сонымен қатар, бұл тапсырмаларды оқушылардың жеке ерекшеліктеріне қарай бірте-бірте күрделілендіріп отыру керек. Барлық білімнің көзі сынып оқулықтарында болғандықтан, оқушылардың математика оқулығына деген сүйіспеншілігін оятуымыз керек. Әр сыныптың математика оқулықтарында оқушының орындауына тиісті жаттығу есептері, практикалық тапсырмалар, суреттер, графиктер бар. Осы тапсырмаларды оқушылар қызығушылықпен орындауы тиіс. Оқулықтағы тапсырмаларды орындауды үйрен-

ген оқушы, ондағы математикалық тексті оқып үренеді оны талдайды, сол тақырыпқа берілген мұғалімнің сұрақтарына жауап беретін және басқа оқушыларға сұрақ қоя алатын болады. Ал жоғары сыныпқа көшкенде оқушылар күрделірек, тереңірек тапсырмаларды орындауы тиіс. Бұл кезде оқушылар қосымша ғылыми әдебиеттер мен жұмыс жасауы керек. Алғашында оқушыларға қосымша әдебиеттерді көрсетіп, ұсынып отыру қажет, бұдан кейін оларды оқушыларға таңдату керек.

Оқушылардың өздігінен орындайтын тапсырмаларының бірі, оқушыға үй тапсырмасын беру. Бұл тапсырманы барлық оқушылар ұқыпты, толық орындауы басты шарт болып табылады. Ол үшін үйге берілген тапсырмалар сыныпта орындаған тапсырмаларға ұқсас, оқушыға түсінікті болуы керек. Үй тапсырмасына шамадан тыс тапсырма берілетін болса, сыныпта орындаған тапсырмаларға ұқсас тапсырмалар болмаса оқушылар сөзсіз қиындыққа ұшырайды. Үй тапсырмасының шамадан тыс болуы оқушыларды жалықтырады және көп уақытын алады. Дұрыс тағайындалған үй тапсырмасы, оқушының жауапкершілігін арттырып, өздігінен білім алуын қамтамасыз етеді.

Оқушының өздігінен орындайтын жұмыстарының бірі-творчестволық жұмыс. Математикадан өздігінен творчестволық жұмыс жасау, оқушының пәнге қызығушылығын арттырып, ой-өрісін дамытады. Творчестволық жұмыспен айналысу арқылы оқушы өзі оқыған теорияны

пайдаланып, есеп шығарудың жолдарын табады. Оқушылардың творчестволық жұмысына мынадай жұмыстар жатады. Олар бір есепті бірнеше тәсілдермен шығарады, есепті оқушылар өздері құрастырады, математикадан баяндамалар, рефераттар жазады ғылыми жұмыс қорғайды және т.б.

Оқушылардың өздігінен жұмыс істеу іскерлігін қалыптатырудың бір тәсілі математикадан жазба дәптерді қолдану. Бұл дәптерге оқушы ең алдымен сабақтың өтілген күні, сабақтың тақырыбы, кездескен жаңа терминдер мен сөздерді және қорытылған формулаларды, шығарылған есептерді жазады. Үй тапсырмасын орындау барысында осы жазбаларды қарап шығу керек және оны оқулықпен салыстырып, ережелерді жаттап өзін-өзі толықтыру керек.

Оқушыларды үлгермеушіліктен сақтандыру үшін мұғалім оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыстарын тиімді дайыдай білуі керек. Мысалы оқушы қате жіберіп, ол қатені түзетуге қиналуы мүмкін. Бұл жағдайда мұғалім оқушыға қажетті кеңестер беруі қажет. Кейде мұғалім ол материалдарды түсіндіріп, бірнеше есепті тақтада шығарып көрсетуі керек болады. Оқушы өздігінен жұмыс істей алатындығына көз жеткеннен кейін ғана тапсырмаларды ұсынған жөн.

Оқушылардың жасқаншақ болуына жол бермеу, үлгерімі төмен оқушыға уақытысында жалықпай көмек көрсету, дұрыс жауап берген оқушыны мадақтау, оқушыларға сыпайы болу, әрбір ұстаздың бойындағы қасиет.

Lesson Study тәсілімен сабақты зерттеу арқылы оқушылар көшбасшылығын дамыту

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Мананбай Гаухар Абайқызы

Қазіргі іскерлік әлемінде жалғыз өзіңнің жетістікке жетуің екіталай. Өмірдің өз заңдылығы бойынша өзге адамдармен дұрыс және шынайы қарым-қатынас жасау арқылы ғана үлкен биіктіктерді бағындыруға болады. Барлық мамандық иесі өзін жеке тұлға ретінде көшбасшылық қасиетін дамыту арқылы өз ортасында танылады. Кез келген жұмыс орындарына табыс әкелуші осы көшбасшылар. Себебі олардың бойында жағдайды алдын-ала болжай алу, барлық жағдаяттан шығуда тапқырлық таныту және өзгелермен тиімді қарым-қатынас орнату білу мүмкіндіктері басым. Сондықтан да олар ұжым үшін табысты тұлғалар болып есептеледі. Мұндай тұлғалар өздерінің көшбасшылық қасиетін мектеп қабырғасында жүргенде қалыптастырады.

Назарбаев Зияткерлік мектебіне қабылданатын оқушылардың барлығы да өздерінің көшбасшылық қасиеттерімен ерекшеленеді. Өзім сабақ беретін сыныптардағы 7 – сыныпқа жаңадан келген оқушылардың да көшбасшылық қасиеттері жоғары болғанымен кез келген ортада ынтымақтастықта жұмыс жа-

сай алмайтын оқушылар, көшбасшылық қасиетін мүлде көрсете алмайтын оқушылар, сондай-ақ кей жағдайларда ғана көшбасшылық танытатын оқушылардың іс-әрекеті мені әр сабақты жоспарлауда тереңірек ойлануымды қажет етті. Бастапқы уақытта оқушылар арасында топ көшбасшысын сайлауда ортақ пікірге келе алмаушылық, оның



жұмысына қанағаттанбау сияқты жағдайлар орын алды. Уақыт өте келе топтарда үнемі белгілі бір оқушылардың ғана көзге түсуі байқала бастады. Ал кейбір оқушылар топтық жұмыста жақсы белсенділік танытпағанымен, жұптық жұмыстарда өздерін басқаша қырынан көрсете алды. Оқыту сапасын арттыруда күнделікті сабақты жоспарлауда оқушылар көшбасшылығын дамытуға арналған арнайы мақсатпен жұмыс жасау жүзеге асты. Себебі, топтық жұмыс оқушылардың топ ішінде өзіндік ерекше қасиеттерімен танылуына үлкен ықпал жасайтын жұмыстың бір түрі. Сабақты зерттеу алдында осы сыныптағы оқушылардың мінез-құлқына, темпераменттеріне, тіпті отбасылық жағдайына да жүргізілген жан-жақты зерттеу қорытындыларымен таныстым. Зерттеу нәтижесі бойынша сыныптағы көшбасшылықты дамытуда кімдердің тұлғалық ерекшелігін ескеруім керек екені белгілі болды. Ал сынып ұжымы мүшелерінің бір-бірімен эмоционалдық байланысын анықтау мақсатында алынған социоматрица қорытындысы бойынша сыныпта: лидер -2, жұлдыздар-3, қалаулы оқушылар- 11, ал қалаусыз оқушылар-4 екені анықталды. Сабақ үстінде осы сандық дерек өз көрінісін беріп жүргендіктен, жұлдыз оқушылардың лидерге, қалаулылардың жұлдызға, қалаусыздардың қалаулы оқушылар қатарына енуіне оқыту сапасын жақсартуда көшбасшылықты дамыту арқылы ықпал жасау керек деген түйінді пікірге келдім. Деректерді жинақтау, салыстыру, талдау нәтижесінде «Өздерінің оқуын жақсарту үшін оқушылардың көшбас-

шылық мүмкіндіктерін қалай тиімді пайдалануға үйретуге болады?» деген тақырып таңдалды және бақыланатын А,В,С тобындағы фокус оқушылар таңдалынды. Бұл оқушыларды таңдауға негіз болған басты себептер – сыныптағы оқу үдерісі кезінде топтық жұмыста оқушы өз тобындағы оқушылармен жиі келіспеушілікке кездеседі, көшбасшылық қызмет атқарғанымен топтан қолдау ала алмайды немесе топта оның пікірімен ешкім санаса бермейді, ал келесі оқушы өзгелердің пікірін тыңдап, келісумен ғана шектеледі, топта өзгелермен жұмыс жасауды ұнатпайды, топтық, жұптық жұмыстарда мүлде көзге түскісі келмейді. Үш оқушы туралы тағы да мектеп психологінің зерттеуіне сүйенуіме тура келді. Алғашқы топтық тапсырмада 4 оқушыға 4 түрлі тапсырма берілді. Топ басшыларының топтағы бөлінген көшбасшылықты қалай жүзеге асыратыны сырттай бақыланды. Тапсырма оқушылардан сыни тұрғыда ойлануды қажет ететіндіктен, әр тапсырманың дұрыс бөлінуі топ жұмысының нәтижелі болуына әсер етеді. Бақылаудағы А оқушыға топтық жұмысты бөлуде топ мүшелерімен ақылдасу керектігі туралы алдын-ала кеңес берілді. Оқу мақсатына сәйкес дайындалған оқылм бойынша мәтінге сыни тұрғыдан талдау жасап, өз көзқарастарын білдіру үшін оқушылар «FILA» кестесі бойынша алдымен жеке жұмыс жасады. Проблемалық оқыту әдісі бойынша дайындалған бұл кесте төрт бөлімнен тұрады. Тапсырмаларды бөлуде А,С тобындағы оқушы өз тобымен ақылдаса отырып, тез уақытта ортақ шешімге келіп, жұмыстарын бастап кетті, ал В тобындағы оқушы әр оқушыға тапсырманы өзі бөліп берді. Топтағы 1 оқушыдан қарсылық болғанына қарамастан, жұмысты жалғастырып кетті. А тобындағы оқушы өз тобындағы барлық оқушының тапсырманы орындауын жіті қадағалап, белгіленген уақытта жұмысты аяқтағаны туралы хабар берді. Ал С тобындағы оқушы өз жұмысын орындауда қасындағы оқушыдан көмек сұрады, ол оқушының ықыласпен көмектескені байқалды. Бақылаудағы В оқушы өз жұмысын орындауда топтан көмек сұрамай, бірнеше рет мұғалімнің көмегіне сүйенді. Себебі, бұл тапсырманы орындауда алдымен оқушылар жеке жұмыс жасады, одан соң топта бірлескен оқу әрекеті жүрді. Бірлескен топтық оқу түрінде олар өз бөлімдері бойынша тапқан дәлелдерін ортаға салып, бір-бірінің пікірін тыңдады, өз ұсыныстарын айтты. Топтар бірін-бірі «2 жұлдыз, 1 тілек» әдісімен бағалауда бақылаудағы А,С оқушылардың тобының жұмысы жетістік кри-

терийіне сай келетінін, ал В тобындағы оқушының топтық жұмысына бірнеше ұсыныс айтты. Арнайы дайындалған көшбасшы оқушының қызметін бағалау парағы таратылып, оқушылар көшбасшының атқарған қызметін арнайы бағалау парағы арқылы бағалады. Нәтижесінде А,С тобының басшылары туралы жағымды пікір, ал В тобындағы оқушыда өз қызметін атқаруда жауапкершілік танытқаны байқалғанымен, топтық жұмыста әкімшілік басқару болғанын жасырмады. Сабақ соңында оқушылар рефлексиялық «1 минуттық эссе» жазды. Сөйлемдерді толықтырып жауап бере отырып, сабақта туындаған ойларын тізбектеді.

Яғни, бақылау нәтижесі мен оқушылар пікірі бірдей шықты. Іс-әрекетті бақылаушы мұғалімдер А,В,С тобындағы оқушылардың іс-әрекетін бақылауда жұмыс бөлінісін реттеуін, әр оқушының тапсырманы орындауын қадағалауын, топ ішіндегі өзін-өзі ұстауын, қарым-қатынасын бақылау барысында келесі сабақта В тобындағы оқушының өзін-өзі реттеуіне мүмкіндік беретін түрлі тапсырмалар беру және өзімен

жеке сұхбаттасу арқылы көшбасшы болудың ерекшеліктері мен кездесетін қиындықтарына сабақта болған дәлелдер арқылы көз жеткізу қажет деген шешімге келдік. Яғни, бұл сабақты жоспарлау кезінде тапсырмалардың оқушының өзін-өзі реттеуіне қаншалықты бағытталғандығы басты назарда болды. Ең бастысы, А тобындағы оқушы бірлескен оқу әрекетінде қарым-қатынас жасауда жиі кездесетін кедергілерді жоюдың қаншалықты маңызды екенін түсінді. Ал В,С тобындағы оқушылардың пән бойынша оқу үлгерімінде біршама ілгерілеушілік байқалды. Оны ІЖБ қорытындысынан көруге болады. Сабақты зерттеу нәтижесінде фокус оқушылардың көшбасшылық қабілеттерімен қоса білім сапасының артқанын байқауға болады. Оқушылардың оқу сапасын арттыруға бағытталған көшбасшылық қасиеттерін дамыту мақсатында жүргізілген Lesson Study тәсілінде топтық жұмысты арнайы мақсатпен жүргізу және дұрыс бағалаудың оқу сапасын арттыруға тигізетін рөлінің зор екенін, маңыздысы оқушылар бойында құндылықтар жүйесін қалыптастыруға болатынын тәжірибе дәлелдеді.



Кулшаева Г.К. учитель-модератор русского языка и литературы

«Речь — это основное и наиболее влиятельное средство деятельности в человеческой вселенной — в бизнесе, в школе, между родителями и детьми, между любимыми».
Норберт Торрент

«Развитие устной речи учащихся через стратегию Рассела Керри «Одна минута»»

Меня и моих коллег, учителей русского языка, всегда беспокоило то, что учащиеся казахских классов плохо владеют русским языком. В традиционной школе, большое внимание уделялось грамматике русского языка, а устная речь учащихся была на втором плане. Учащиеся учили стихотворения, читали небольшие произведения, пересказывали их, но свободно и грамотно говорить, общаться друг с другом не могли: скудный запас слов, неумение выражать свои мысли, оторванность тематики программы от реальной жизни и боязнь быть осмеянным окружающими привели к тому, что знание русского языка не вызывало интереса со стороны детей. Еще один фактор, который не способствовал стремлению знать русский язык, - казахскоязычная среда нашей области.

На сегодняшний день в казахстанском обществе проводится политика трехязычия, которая необходима нашему государству в период глобальной интеграции, когда нашей стране нужны професси-

оналы, умеющие управлять страной, вести ее по пути развития. «Казахстан должен знать государственный язык, наш казахский. Второе - русский язык, это язык нашего большого соседа, один из шести языков ООН. Нам нельзя забывать этот язык, нельзя отбрасывать его. Каждый язык - это богатство человека», - подчеркнул в своем послании народу президент Республики Казахстан Назарбаев Н.А. И мы должны правильно понимать и поддерживать политику нашего лидера, воплощать в реальность идеи, а именно: дать растущему поколению качественное образование, обеспечивающее успешную самореализацию выпускников школы в обществе.

Учащиеся Назарбаев Интеллектуальной школы должны знать, говорить и общаться на трех языках – эта основной критерий, который является одним из составляющих пунктов в миссии нашей школы. И поэтому нам, учителям - языковедам, надо искать пути решения, которые помогут учащимся в изучении языка, в умении свободно пользоваться им, рассуждать на нем.

Моя главная цель - научиться раскрывать возможности детей, научить их добывать знания самостоятельно, эффективно работать над собой, чтобы стать успешными, самореализовавшимися личностями.

Работая в НИШ, анализируя устную речь учащихся - билингов, изучающих предмет «Русский язык как второй», я пришла к выводу, что нужно найти, апробировать стратегии, которые можно использовать на уроке для развития устной речи детей, стратегии, которые способствовали бы их уверенности в выполнении заданий по развитию устной речи, вытеснили страх и боязнь общаться на русском языке. Поэтому я выбрала тему исследования: «Развитие устной речи учащихся через стратегию Рассела Керри «Одна минута»». Главная цель моей работы в исследовании - научить учащихся осваивать то, что очень важно в жизни каждого человека - умение передать информацию, поддержать беседу, установить контакт, пересказать поучительную или смешную историю. Значимость данного исследования для меня и моих коллег велика, потому что в результате проведения серии последовательных уроков, я выявила ряд ошибок, которые ни я, ни мои коллеги больше не повторяют в процессе своей деятельности.

-При подготовке к уроку, планировании заданий по теме, надо продумывать детально критерии успеха, чтобы учащиеся точно знали, как вы-

полнить заданное по критериям.

-Учитель должен объяснить идею, содержание проводимой стратегии не только в устной форме, но показать в презентации или расписать на листе пошагово ход проведения стратегии и дать время для прочтения текста.

-Пока учащиеся не поймут идею и содержание стратегии, не будет эффективности от ее проведения.

Проведя исследование в серии последовательных уроков, в результате наблюдений, беседы, письменной обратной связи, я выявила и положительные стороны применения данной стратегии для учащихся:

1. Прогрессирует динамика развития устной речи учащегося.

2. Развивается навык говорения.

3. Учащийся работает по критериям успеха, значит, понимает, над чем ему нужно работать, чтобы достичь результата.

4. Учащийся использует в речи термины, а, значит, развивается память, что способствует долговременному запоминанию.

5. Учащийся использует разнообразные грамматические конструкции при построении предложений.

6. Учащийся стремится использовать максимальное количество слов, что ведет к развитию лексического запаса.

7. Учащийся развивает не только память, но и логическое мышление,

8. Учащийся обдумывает свой ответ, что говорит о развитии его внутренней речи, о регуляции процесса говорения.

9. Учащийся, который говорит хорошо, и работу письменную тоже напишет хорошо.

10. Учащиеся обучают друг друга путем взаимодействия.

Я испытываю большую радость от того, что стратегия, которую я выбрала для исследования, эффективная, развивает устную речь ученика, формирует навыки правильного говорения. Благодаря данной стратегии, ученик чувствует себя уверенно, исчезает боязнь ошибиться.

Важным является и активизация учеников. Каждый ученик должен принять участие в работе, ставящей своей целью актуализацию собственного опыта.

Стратегия «1 минута» позволила раскрыть скрытые возможности и определить пробелы в оценивании уровня обученности.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ДИФФЕРЕНЦИАЦИЯЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫ ДАЙЫНДАУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Жүнісов Досан Болатұлы, Абуова Құралай Бәкірқызы
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері

Оқытудағы тәжірибелер дәлелдегендей, қазіргі кездегі әрбір оқушының білім алуы үшін оның қарым-қабілетін ескере отырып, тапсырмалар беру керек екендігі және сол арқылы оның білім алуға деген ынтасын арттыру, яғни оқу үдерісіне дифференциациялап оқытуды ендіру әдістеменің басты міндеттерінің бірі болып отыр. Дифференциациялап оқыту жалпы оқыту процесінің құрылымын, мазмұны мен ұйымдастырылуын өзгерту арқылы оқушылардың қызығушылығын неғұрлым толық ескеруге, олардың қабілетін дамытуға, жоғары сынып оқушыларына өздерінің кәсіби қызығушылығы мен оқуын жалғастыруға қатысты ұстанған бағыт-бағдарына сәйкес білім беру үшін жағдай туғызуға мүмкіндік береді [1, 7-6].

Оқытудағы дифференциация - жеке тұлғаның типологиялық ерекшеліктерін (жалпы және арнайы қабілеттерін, даму мүдделері мен жүйке жүйесінің физиологиялық қасиеттері деңгейін) ескере отырып, оқушылар топтарына білім беру мазмұнына сай түрлі оқыту әдістерін құру, білім беру үдерісін әр түрлі нысанда ұйымдастыру болып табылады.

Оқытудағы дифференциациялық тәсілдің нәтижесі қандай?

- Білім алушының ынталану деңгейі артады;
- Әрбір оқушы өз мүмкіндіктері мен қабілеттері деңгейінде үйренеді;
- Білім алуда мықты оқушылардың тез және терең білім алуы жүзеге асады;
- Мықты оқушылар өз қабілеттерін негіздейді, ал әлсіздер оқу жетістіктеріне жетуге мүмкіндік алады.

Тапсырмаларды дифференциация бойынша құрастырудың қандай түрлері бар?

1. Оқу тапсырмаларын шығармашылық деңгейлеріне қарай дифференциациялау;
2. Оқу тапсырмаларын қиындық деңгейлеріне қарай дифференциациялау;
3. Оқу тапсырмаларын оқу материалының көлеміне қарай дифференциациялау;
4. Оқу тапсырмаларын өздігінен орындай алу қабілетіне қарай дифференциациялау;
5. Оқушылардың көмекті қажет ету сипаты бойынша дифференциациялау;
6. Оқу қызметінің нысаны бойынша дифференциациялау. [2, 2-6].

Баяндамамызда өз тәжірибемізде күнделікті сабақта пайдаланып жүрген бірнеше тапсырмалар үлгісін ұсынып өткенді жөн көрдік. Үлгі ретінде қазақ тілі екінші тіл ретінде оқытылатын орыс сыныптарына лайықталып жасалған тапсырмаларды ұсынамыз.

Дифференциацияланған тапсырма:

С деңгейі. №1-тапсырма: Мақал-мәтелдерді толықтырыңыз және қалаған бір мақалды таңдап, мағынасын түсіндіріп беріңіз.

Керекті сөздер: *сыйламасаң, жонар, пішер, ауылдас*

1. Ұлың өссе, ұлы жақсымен... бол,
Қызың өссе, қызы жақсымен... бол.
2. Ата көрген оқ...
Ана көрген тон...
3. Өзіңді - өзің..., өзгеден сый дәмепте.

Жетістік критерийлері:

- Мақал-мәтелді кілт сөздермен сәйкесінше қолдана алады.
- Кез келген мақалдың мағынасын сәйкесінше аша алады.

В деңгейі. №2 тапсырма: берілген сөйлемдердің шын, жалғандығын белгілеу.

1. Қазақ отбасында әкенің орны ерекше. Әке – отбасының тірегі.
2. Отбасы мүшелері әкені тыңдамайды.
3. Қазақ отбасында қыз баланы құрметтейді.

4. Қыз баланың орны ерекше емес.
5. Ананың орны да ерекше. Әке де, балалары да ананы сыйлаған.

6. Әке мен шеше үйленген ұлдарына енші бермейді.

7. Қыз тұрмысқа шыққанда қыздарына жасау бермейді.

(Жалған деген жауаптың дұрыс жауабын өзіндік дәлелмен айтыңыз).

Жетістік критерийлері:

- Тапсырманы қазақ елінің тәрбие құндылықтарына сәйкес шын, жалғандығын дұрыс табады.

- Бұрыс деп танылған тұжырымның дұрыс жауабын өз дәлелімен айтады.

А деңгейі. № 3 тапсырма: Халқымыздың аяулы ұлы Б. Момышұлы кезінде былай мұңайған екен «Жаудан да даудан да қорықпаған қазақ едім. Енді қорқынышым көбейіп жүр. Балаларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқам. Немересіне ертегі айтып беретін әженің азаюынан қорқам. Дәмді, дәстүрді білмейтін балалар өсіп келеді. Оның қолына қылыш берсе, кімді де шауып тастауға даяр. Қолына кітап алмайды. Үйреніп жатқан бала жоқ, үйретіп жатқан әке - шеше жоқ»- деген екен. Осы пікірге сәйкес 1 шумақ өлең шығарыңыз.

Жетістік критерийлері:

- Автордың отбасылық тәрбиеге қатысты айтқан пікірін сәйкесінше дұрыс түсінеді.

- Өлең жазу ережесіне сәйкес (буын, бунақ, ұйқас) бір шумақ шығарады, әрі тақырыпты ашады

А деңгейі. № 3 тапсырма: Атақты қазақ ақыны Қасым Аманжолов өзінің жарына арнаған бір өлеңінде:

Отбасы – шағын мемлекет,

Мен – президент, сен – премьер, - дегені бар.
Осы пікірге сәйкес дискурсивті мәтін жазыңыз.

Жетістік критерийлері:

- Автордың отбасылық тәрбиеге қатысты айтқан пікірін сәйкесінше дұрыс түсінеді.

- Мәтін жазу барысында өзіндік пікірін нақты аргументтермен оң және теріс пікірде дәлелді етіп жазады.

Бұл тапсырмалар 9-сынып Т2 «Отбасылық қарым-қатынастар» тақырыбында жоспарланған сабақ барысында қолданылды. Сабақ барысында С деңгейлі оқушы ғана қазақ тілі ана тілі болмағандықтан, мақалда кездесетін «пішу», «жону» іспетті кей сөздердің мағынасын түсіну үшін сөздік қолданды, тапсырманы толық орындады. Қалған деңгейдегі оқушылар барлық тапсырманы жетістік критерийіне сәйкес орындай алды.

Қорытындылай келе, дифференциацияланған тапсырмаларды әрбір мұғалім өзінің күнделікті сабағында қолдануы тиіс деген тұжырымға келдік. Дифференциацияланған тапсырмалар жасақтаған сәтте мектептің, оқушының, ең бастысы, пән мұғалімінің әлеуеті ескерілуі тиіс. Егер өзі түсінбейтін тапсырманы «Шәкірті ұстазынан» озар ұстанымымен өз оқушысына берер болса, ол орны толмас қателікке ұрындырары хақ. «Мектеп психологтары-ата-ана-пән мұғалімі-оқушы» тізбегімен оқушының дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын, темпераментын жүйелеп анықтаған жөн. [3].Әрине, көп дайындық пен ұзақ уақытты қажет ететін жұмыс, алайда оқушының қызығушылығына, дамуына бағытталаып жасалынған тапсырма өзінің жақсы көрсеткіштерін беретінін де ескеруіміз қажет. Бұл тапсырмалардың басты ерекшелігі – барлық оқушы сабақ барысында тапсырманы орындай алуы. Тапсырмалардың деңгейлік сипатта дайындалғандығын оқушылардың білуі міндетті емес. Ең бастысы, оқушы өзінің мүмкіндіктерінің бар екендігін, пәнге деген сүйіспеншілігін арттырады.

Сабақты зерттеудің мектеп мәдениетін қалыптастыруға ықпалы

Абдраманова Кызжибек Сатыбалдиевна
Педагогикалық шеберлік орталығының
Қызылорда қаласындағы филиалының аға менеджері

Жапондық зерттеуші Т.Чичибу өз мақаласында Сабақты зерттеу «Үздік мектеп мәдениетін» қалыптастыруға септігін тигізеді деп тұжырымдайды [14]. АҚШ-та «Үздік мектеп мәдениеті» деп «кәсіби білім қауымдастығын» атайды. Мұғалімдер арасындағы өзара білім алмасу оқушылардың табысты оқуына, мектептің тестілеу бойынша жоғары көрсеткішке жетуіне ықпал етеді [14]. Білім саласын реформалауда, қандай да бір инновацияны енгізуде мектеп мәдениеті маңызды рөл атқарады. Қазірге еліміздің білім мазмұнына енгізіліп жатқан жаңарулар кезінде ұжымның біртұтас ағза секілді бірлесіп, қиындықтарды бірге жеңуі қажет. Осы ретте, Сабақты зерттеу тәсілі арқылы мектеп мәдениетін қалай арттыруға болады? деген сұрақтың туындауы сөзсіз. Алдымен «Мектеп мәдениеті» деген ұғымға түсініктеме бере кетсек. «Мектеп мәдениеті» термині мектеп қызметін жақсартуға, оның дамуы мен жетістікке жетуіне бағытталған ұжымдық жағымды қарым-қатынас, өзара сенім мен құрмет, көзқарас, оқушылар мен мұғалімдердің физикалық және эмоционалдық тұрғыдан қауіпсіздікте болуы, тәртіп, қоғамдық орта, мәдениет деген ұғымдар жиынтығын құрайды. Дегенмен, тәжірибе көрсеткендей, мектеп мәдениеті жағымды және жағымсыз болып екіге бөлінеді.

Жағымды және жағымсыз мектеп мәдениетінің сипаттамалары қандай?

Жағымды мәдениет қалыптасқан мектептерде Др. Кент Д.Петерсонның [12] зерттеуіне сүйенсек, бейресми желілік қауымдастық аясында мұғалімдер мектептің тыныс-тіршілігіне шынайы алаңдаушылық танытады, оқушылардың білім жетістіктері үшін жауапкершілік алады, адами ресурстарға қамқорлықпен қарайды, мұғалімдердің үздіксіз білім жетілдіруін қолдайды және мектеп құндылықтарын жоғары бағалайды. Ал, жағымсыз мектеп мәдениетінің сипаттамалары: мұғалімдер арасында конфликт жиі орын алады, мұғалімдер оқушылардың табысты бола алатынына сенімсіздік танытады, мектепке өзгеріс енгізуге байланысты ұсыныстарға күмәнданады, жалпы алғанда қарым-қатынас негативті түрде жүреді.

Жағымды мәдениет қалыптасқан мектеп әкімшілігі мен ұжым өздерінің алға қойған мақсаттарына қол жеткізетініне сеніммен қарайды, ал жағымсыз мәдениет басым мектеп ұжымы өз болжамдары мен күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге өз әлеуеттеріне сенбейді. Доктор Кент Д.Петерсон мақаласында [12] мектеп басшысы, мұғалімдер, оқушылар өздерін білім алушылар деп санағанда ғана мектеп мәдениеті жақсарайды дейді. Ұжымда бірлесу, өзара тәжірибе алмасу, қысқаша айтқанда кәсіби бірлескен оқу өте құнды деп есептеледі.

Оқу мен оқытуда мектеп әкімшілігі мен ұжым мүшелері қабылдап, басшылыққа алатын құндылықтар мен ұстаным тұрақтылығымен бағаланады және әрбір шара осы ұстанымның беріктігін арттыруға бағытталады. Әрбір мектепте ұжымның бірлесе талдайтын тұжырымдары, қандай да бір әдіс-тәсілдің тиімділігі, ұжымның сыни ойлана алуы мектептегі тиімді өзгеріске ықпал етеді.

Зерттеулер көрсеткендей, мектептің табысты болуы мен заманауи инновацияларды тәжірибеге енгізуде және реформа жүргізу кезінде «мектеп мәдениеті» өзгеріс енгізудің негізгі тұжырымдамасына айналады. Себебі «мектеп мәдениеті жағымсыз» болса, өзгеріс енгізу қиындық туғызады [20].

Сабақты зерттеу үдерісінің өзі командалық жұмыс болғандықтан, мұғалімдердің бірлесе жұмыс жасауы оқшауланудан және бір жағдаятты әртүрлі интерпретациялаудан, белгілі бір инновацияны әртүрлі деңгейде қабылдаудың алдын алады.

Жоғарыда атап өткендей, сабақты зерттеу мұғалімдер арасында ортақ шешімге келуге, мәселені бірлесе талдауға мүмкіндік береді. Ал, білім саласына реформа енгізуде мұғалімдерде сапа туралы түсінік әртүрлі болуына байланысты және мұғалімдердің жеке даму қажеттіліктері әртүрлі болғандықтан, олардың өзара келісімге келуі, жаңаша идеяларды жүзеге асыруда бірлесіп жұмыс жасауды қиындатады. Ал, ортақ келісім мен мүдде болған жағдайда мақсатқа жету оңайырақ болары сөзсіз. Қазіргі мектептерде орын алып жатқан өзгерістер мақсатының бірі- көшбасшы мен мұғалімнің ара-

сындағы тиімді диалогты дамыту. Мектеп мәдениетін дамытқымыз келсе, әкімшіліктің, мектеп мұғалімдерінің өзара керібайланысының, кәсіби диалогтің сындарлы және тиімді болуына қол жеткізу керек. Керібайланыс алушы өзін сыналушы ретінде сезінбеуі керек. Көшбасшы мұғалімдердің рефлексивті есептерінен алынған сабақтан кейінгі кәсіби сұхбаттан үзінді ұсынамыз. Мұнда мұғалімдердің белгілі бір сапа туралы әртүрлі түсініктері бар екендігін және ортақ бір мақсат көзделмегенін байқауға болады.

мысалы:

көшбасшы: Сабақ қалай өтті деп ойлайсыз?

мұғалім: Керемет, өйткені барлық оқушы түгелдей сабаққа қатысты.

көшбасшы: Шынында ия, барлығы тақырыпқа қызығушылық танытты. Олардың осы тақырып бойынша сабаққа дейін не білетінін немесе осы тақырып туралы не білмейтінін анықтау туралы ойландыңыз ба?

мұғалім: Жоқ, ол жайлы ойланбадым. Меніңше олар сабақта бір-бірінен үйренді. Олар сабақта жақсы талқылау жүргізді.

көшбасшы: Ия, олар сөйлесті, бір-біріне жақсы сұрақтар қойды. Бірақ олар осы сабаққа дейін тақырып туралы не білетін еді?

мұғалім: Ол жағына сенімсізбін, ештеңе айта алмаймын. Менің ойымша олар бір-бірін жақсы бағалады.

көшбасшы: олардың бұрынғы білімдері мен

тақырып туралы жаңа білімдерін өзара байланыстыру жайлы ойланып көрсеңіз! Сыныпта сабаққа дейін осы тақырып туралы түсінігі мен алдыңғы білімі бар оқушы болуы мүмкін бе?

мұғалім: әрине, бірақ сабақта оқушылар бір-бірінен үйренді.

көшбасшы: менің ойымша оқушылардың алдыңғы білімдері мен олардың қажеттіліктерін анықтап алып, содан кейін сол білім мен жаңа білімнің ұштасуын ойластыру қажет.

мұғалім: Ия мүмкін. Бірақ сіз сабақтағы оқушылардың қорытынды жазбаларын әлі көрген жоқсыз, осыны қарап көрсеңіз.....

Бұл кәсіби сұхбаттан әр мұғалімнің сапа туралы түсінігін әртүрлі екенін және оларды мазалап тұрған мәселе ортақ емес, әркім өзін қызықтырған фокусты талқылауды ұсынып тұрғанын байқауға болады. Сабақты осылай талдаудың қаншалықты тиімді немесе тиімсіз екендігін таразылап көрсек. Осындай керібайланыстан соң мұғалімнің өз тәжірибесіне қаншалықты өзгеріс енгізіп, оны тиінақты жасай алады? Сабақты зерттеуде бақылау фокусы алдын-ала белгіленіп алғандықтан, сабақтан кейінгі талдау барысында мұғалімдер арасындағы талдаудың сапасын арттыруға және өзара тиімді диалог жүргізуге ықпал етеді. Ал, диалог тиімді болып есептеледі, егер айтылған пікірлер қабылданып, ортақ шешімге келсек. Сабақты зерттеу үдерісінде тиімді диалог жасау үшін сабақты талдау қағидаттарына сүйену керек.

нымен, басқа мұғалімдерге бұлыңғырлау екені жасырын емес.

Lesson Study – мұғалім тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған, сабақтағы іс-әрекеттегі зерттеудің ерекше үлгісі болып табылатын педагогикалық тәсіл. (Пит Дадли)

Өткен оқу жылында мектебімізде Lesson study үдерісін 8 «Б» сыныбында жаратылыстану - математикалық және қоғамдық гуманитарлық пәндер бойынша ұйымдастырдық. Оның басты себебі І,ІІ оқу тоқсанының қорытындысы бойынша осы сыныптағы білім сапасының төмендігі болды. Алдымен осы сыныпта ата- аналармен бірлескен педконсилиум өткізілді. Педконсилиум барысында пән мұғалімдері ата- аналармен жеке сұхбаттасып, балаларының білім үлгерімі жайлы нақты фактілер бойынша мәлімет беріп, оқушылардың білім сапасының төмендеуіне байланысты кеңесу жұмысын жүргізді. Енді біздің ұжымның алдын-

да бір ғана мақсат тұрды. Қайткенде осы сыныпта білім сапасын жақсартуға болады?

Мектеп әкімшілігі пән мұғалімдерімен, деңгейлік бағдарлама бойынша курстан өткен мұғалімдермен кеңесе отырып, осы сыныптың білім сапасын көтеру мақсатында Lesson study зерттеу сабақтарын өткізуді жоспарладық. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары және І деңгей бағдарламасы бойынша сертификатталған мұғалім ретінде осы үдерісті ұйымдастыру тікелей маған тапсырылды. Ең алдымен, осы сыныпқа сабақ беретін мұғалімдерге «Lesson study» зерттеу циклі жайлы мағлұмат беруді көздеп, «Lesson study дегеніміз не?» тақырыбында коучинг өткіздім. Коучинг барысында пән мұғалімдеріне Lesson Study үдерісі жайлы түсінік беріліп, LS қадамдары айқындалды. Lesson study-ге жоспарлау, оқыту, қадағалау, оқыту мен оқуды талдау, өз қорытындыларын тұжырымдап, құжаттарды бірлесіп жүргізетін мұғалімдер тобы қатысатыны, LS циклін өткізген соң мұғалімдер педагогикалық тәсілдерді түрлендіріп, жетілдіріп, баспаға жариялау арқылы әріптестеріне таратыны жете түсіндірілді. Ең бастысы сыныптағы оқушылардың деңгейін көтеру арқылы оқыту сапасын жақсарту басты мақсатымыз екенін әріптестеріміз түсінді.

Lesson study циклін өткізуге 8 «Б» сыныптарға қазақ тілі мен әдебиеті, Қазақстан тарихы, математика, биология, география пәнінен сабақ беретін және пәндес мұғалімдерден топ құрдық. LS циклі «Диалогтік оқыту арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру тақырыбында ұйымдастырылды. Келесі кезекте LS қадамдары бойынша нақты жұмыстар жүргізілді.

Атап айтсақ, І кезең. «Мұғалімнің жоспарын даярлау» кезеңінде:

- Сабақтың мақсатын анықтау;
- Зерттеу әдебиеттерін немесе мақсатқа қарай үйренетін маңызды түйінді идеяларды анықтау;
- lesson study-ге қатысатын ұжымдастарды анықтау;
- Қай сынып зерттеледі
- Бағдарлама тақырыбы.
- Талап етілетін ресурстар
- Кездесу уақыты белгілеу т.б жүзеге асырылса,

2 –кезең. Негізгі сабақты жоспарлауда:

- Сынып жайлы мәліметтер, тақырып, күннің реті, қосымша ресурстар.

- Бағдарламаға сәйкес білім мақсаты
- Білім мақсатына сәйкес табыс критерийлер

- 3 бөлімдік құрылым: кіріспе, негізгі іс-әрекет, қорытынды.

- Lesson study мақсатына сәйкес тәсілдер.
- Арнайы білім және түрлі тәсілдерді қажет ететін бақыланатын оқушылар айқындалды.

Сабақты бақылау бойынша зерттеу тобы:

- Зерттеу топ мүшелерінің зерттеу сабағына қатысатынын;

- Мұғалім қайта қаралған келісілген сабақ жоспар бойынша сабақ өткізетінін;

- Бақылаушылар оқыту және үйрену үдерісіне кедергі келтірмеу керектігін;

- Сабақты зерттемес бұрын бақылаушылар зерттейтін сабақтың мақсатын жақсы түсінуі керектігін;

- Бақылаушылар оқушылардың көзінше пікір айтпауы тиіс екендігін білді.

Бақылау барысында:

- Бақылау шаблондарын әзірлеу керектігі;
- Барлық бақылаушылар не бақылау керектігіне сенімді болу керектігі;

- Топ барлық оқушыларды немесе зерттеу мақсатына байланысты 3 оқушыны ғана бақылайтыны;

- Сабақ барысында тұрып бақылайтыны;

- Назар оқушылардың іс-әрекеттері мен жауаптарына аударылатыны,
- Мұғалімнің де, оқушылардың да сұрақ-жауап жазбаларын жасау қажеттігі және бұл қайта қаралымда қажет болатындығы ескертілді..

Осылайша алғашқы екі отырыста пән мұғалімдері 1- ші сабақ құрылымын жоспарлады және жоспарды қайта қарап соңғы жоспарды ұсынды. Сынып оқушыларын А,В,С деңгейіне топтастырып, бақылауға алатын оқушыларды анықтап алды. 8 «Б» сыныбында 16 оқушы болса, оның 9-ы қыз бала, 7 -еуі ер бала . Сыныптың білім сапасы 31,2 пайыз. 1 үздік, 4 екпінді оқушы бар. Сыныпта Lesson study зерттеу сабағын А. Болатбекова (қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі), Б. Раманқұлов (математика пәні мұғалімі), Ғ. Айтпенбетов (тарих пәнінің мұғалімі), Г. Қалқозова (география пәнінің мұғалімі) өткізді. Сыныптың білім деңгейі мен бәсекелестік деңгейі орташа.

Lesson study тәсілінің оқыту сапасын жақсартудағы тиімділігі

Елжасарова Айгүл Сүлейменқызы,
Қызылорда облысы Шиелі ауданы
«№41М. Шоқай атындағы орта мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің мектеп директорының
оқу жұмысы жөніндегі орынбасары

Қазіргі заман талабына сай жаңа білім беру мазмұнына көшуде білім сапасын жақсарту үшін тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану жүзеге асырылуда. Соның бірі - Lesson study зерттеу сабағы.

Lesson study дегеніміз не? Бұл термин деңгейлік курстан өткен мұғалімдерге таныс болға-

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНЫМЫЗ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Ата-бабамыздан аманат болған тоғызқұмалақ – рухани байлықтың көзі. «Тоғызқұмалақ» ойыншының жылдам ойлауына, есептеудің түрлі тәсілдерін меңгеруіне ықпал етеді. Сондай-ақ адамның ойлау қабілетін дамытып, ойын барысында сезімталдықты шыңдап, адамның рухани байлығын арттырады. 2016 жылдың 20-22 желтоқсан аралығында Өскемен қаласында Назарбаев Зияткерлік мектептері арасында тоғызқұмалақтан Желілік спартакиада өтті.

Жарыстың мақсаты – Зияткерлік мектептер арасында ұлттық ойынды оқушылардың бойына сіңіру және насихаттау болды. Қызу тартыспен өткен сайыста Қызылорда қаласындағы ХББ НЗМ командасы жалпы командалық есепте 2-орын иеленді.

Жарысқа 20 команда қатысты. Жоғары деңгейде ұйымдастырылған ойын өз мәресіне жетті. Төрешілердің шешімімен орындар тағайындалып, жеңімпаздар анықталды.

Қыз балалар арасында - Қызылорда қ. ХББ НЗМ-нің 8 «С» сыныбының оқушысы Садықбек Жұлдыз 1-орын алды. Орал қ. ФМБ НЗМ оқушысы Шамрухова Аружан -2-орын, Ақтөбе қ. ФМБ НЗМ оқушысы Измуқанова Гаухар 3-орынға ие болды.

Ер балалар арасында - Орал қ. ФМБ НЗМ оқушысы Жортабаев Бекарыс 1-орын, Павлодар қ. НЗМ оқушысы Жұмағали Сырымдат - 2- орын, Астана қ. ФМБ НЗМ оқушысы Төлепберген Диас 3-орынды иеленді. Қызылорда қ. ХББ НЗМ-нің 8 «А» сынып оқушысы Райымбек Даулет 4-орынға табан тіреді. Жалпы командалық есепте Орал қ. ФМБ НЗМ - 1-орын, Қызылорда қ. ХББ НЗМ - 2-орын, Семей қ. ФМБ НЗМ 3-орындарды бөлісті.

Осы орайда тоғызқұмалақтан Қызылорда командасының жаттықтырушысы Секина Қырмызы Құрманқызының еңбегін ерекше атап өтуге болады.

«Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы әралуандығымен және ұлылығымен қосып қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөлшектеп болса да жинастыруымыз керек» – деп Елбасымыз Н.Назарбаев атап өткендей, атадан балаға мирас боп, бүгінге жеткен мәдени құндылығымыздың бір бөлшегі, ұлттық ойынымыз тоғызқұмалақты бүгінгі тарих бетінен өшірмей, келер өскелең ұрпаққа жеткізу біздің басты – парызымыз. Олай болса ұлттық ойынды тек қана ұлықтап, болашақта олимпиада ойындарының қатарынан көрейік.

Толыбай Кенжебек
дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі



НАЗАРБАЕВ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНАЯ ШКОЛА ХИМИКО-БИОЛОГИЧЕСКОГО НАПРАВЛЕНИЯ ГОРОД КЫЗЫЛОРДА

Мектептің мекен-жайы: Қызылорда қаласы,
Сұлтан Бейбарыс көшесі, 8
Мектептің аты: Химия-биологиялық бағыттағы
Назарбаев Зияткерлік мектебі
Пошта индексі: 120003
Электрондық пошта: info@kzl.nis.edu.kz
Директор: Жұматай Бахыт Әмірханұлы
Қабылдау бөлмесінің тел. нөмірі: 8(7242)55-11-51
Газеттің негізін қалаушы: Досан Жұнісов
Бас редактор: Елена Рыбина

Адрес школы: город Кызылорда,
ул. Султана Бейбарыса, 8
Название школы: Назарбаев Интеллектуальная школа
химико-биологического направления
Почтовый индекс: 120003
Адрес электронной почты: info@kzl.nis.edu.kz
Директор: Жұматай Бахыт Әмірханұлы
Номер телефона приёмной: 8(7242)55-11-51
Основатель газеты: Досан Жунусов
Главный редактор: Елена Рыбина

School address: Sultan Beibarys Street, No.8,
Kyzylorda city.
School name: Nazarbayev Intellectual
School of Chemistry and Biology
Postcode: 120003
E-mail address: info@kzl.nis.edu.kz
Principal: Zhumatay Bakhyt Amirhanuly
Office phone №: 8(7242)55-11-51
Founder of the newspaper: Dosan Zhunusov
Chief editor: Yelena Rybina

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДАҒЫ ХИМИЯ-БИОЛОГИЯ БАҒЫТЫНДАҒЫ НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІ



Kyzylorda